2017-2018 оқу жылында мектептегі барлық оқушы саны – 73. Спорттық, шығармашылық және мәдени конкурстарға, жарыстарға, фестивальдар мен байқауларға оқушылардың қатысу нәтижелері:

Республикалық - 5,4 %

Облыстық - 2,7%

Аудандық - 4 %

2018-2019 оқу жылында мектептегі барлық оқушы саны –74. Спорттық, шығармашылық және мәдени конкурстарға, жарыстарға, фестивальдар мен байқауларға оқушылардың қатысу нәтижелері:

Республикалық - 9%

Облыстық - 4%

Аудандық - 16%

2019-2020 оқу жылында мектептегі барлық оқушы саны – 73. Спорттық, шығармашылық және мәдени конкурстарға, жарыстарға, фестивальдар мен байқауларға оқушылардың қатысу нәтижелері:

Халықаралық - 15%

Республикалық - 3%

Аудандық - 5%

2020-2021 оқу жылында мектептегі барлық оқушы саны – 75. Спорттық, шығармашылық және мәдени конкурстарға, жарыстарға, фестивальдар мен байқауларға оқушылардың қатысу нәтижелері:

Республикалық-7%

Аудандық-7%

Оқушылардың спорттық, шығармашылық және мәдени конкурстарға, жарыстарға, фестиваль мен байқауларға қатысу нәтижелері

2017-2018 оқу жылы

№	Жетістік деңгейі	Аты-жөні	Сыныбы	Марапаты
Республикалық				
1	«Алаш қозғалысына 100 жыл»	Сағындық Айнұр	9	III
2	Республикалық қашықтық интернет байқауына	Жақсылық Аружан	9	Үздік нәтиже
3	Республикалық қашықтық интернет байқауына	Сабиржанова Дильназ	6	Үздік нәтиже
4	«Жас дарындар» байқауын	Сабиржанова Дильназ	6	III
Облыстық				
5	Шығармалар байқауы	Утеуов Нұрбол	11	III
6	Шығармалар байқауы	Оразғали Салтанат	10	III
Аудандық				
7	Жеңіл атлетика	Мангалов Рустем	11	III
8	«Қолөнер- зор өнер» байқауы	Ажарғалиева Мадина	2	II
9	«Қолөнер- зор өнер» байқауы	Қыдыралы Сымбат	4	III

Оқу жылындағы білім алушылардың контингентінен жүлдегер үлесі: Барлық оқушы саны-73 Республикалық- 5,4 % Облыстық- 2,7% Аудандық- 4 %		
---	--	--

Кестедегі 2017-2018 оқу жылы бойынша жалпы оқу саны - 73оқушы. Оның Республикалық конкурстарға қатысқаны-4, жүлдегерлері- 4, Облыстық конкурстарға қатысқаны-2, жүлдегерлері- 2, Аудандық конкурстарға қатысқаны- 3.

2018-2019 оқу жылы

Жетістік деңгейі		Аты-жөні	Сыныбы	Марапаты
Республикалық				
1	Қазақстан таланттар байқауы "Дені саудың реңі сау"	Мурзаев Нұрдос	2	I
2	Қазақстан таланттар байқауы "Жануарлар әлемі"	Усин Ақылбек	2	III
3	«Республикалық ғылыми-зерттеу жұмысы» байқауы	Усин Ақылбек	2	I
4	"Біз бишіміз" байқауы	Қази Ақгүл	2	I
5	Қазақстан таланттар байқауы "Патриотизм"	Сагиев Ануар	2	I
6	«Республикалық ғылыми-зерттеу жұмысы» байқауы	Арынғазы Жаннұр	2	I
7	Балаларға арналған байқау "Жер планетасы"	Арынғазы Жаннұр	2	I
Облыстық шара				
1	«Әлем Талант Старс» фестивалі	Асылбекова Ақнұр	8	III
2	Әбіш оқулары	Асылбекова Ақнұр	8	III
3	«Зерде» жоба байқау	Ажарғалиева Мадина	3	III
4	Аудандық шара			
5	Шығарма» байқауы	Құмар Ақбота	7	II
6	«Егер мен Президент болсам....» байқауы	Ажарғалиев Адилет	1	III
7	«Шығарма» байқауы	Даулетъяр Мерей	7	III
8	XIX Спартакиада: шаңғы жарысы	Демекбаев Темірлан	9	I
		Аманғос Заманбек	9	I
		Кемисин Мадихан	9	II
		Избасаров Ислам	9	II
		Сүйін Дәулет	10	III
		Құлымбет Азамат	11	III
		Гұбайдолла Әли	11	III
9	XIX Спартакиада: Асық жарысы	Хасенова Назия	9	III
10	XIX Спартакиада: Асық жарысы	Елеу Радина	10	III
11	«Мерген ару» сайысы	Жықсылық Аружан	10	III
12	«Мерген ару» сайысы	Сагиндыкова Айнұр	10	III
Оқу жылындағы білім алушылардың контингентінен жүлдегер үлесі: Барлық оқушы саны-74				

Республикалық-9%		
Облыстық-4%		
Аудандық-16%		

Кестедегі 2018-2019 оқу жылы бойынша жалпы оқу саны- 74 оқушы. Оның Республикалық конкурстарға қатысқаны-7, жүлдегерлері-7, облыстық іс-шараларға -3, аудандық іс-шараларға қатысқаны-12, жүлдегерлері-12. Кейбір оқушылар аудандық іс-шараларға қатысып, облыстық кезеңге жолдама алған жоқ.

2019-2020 оқу жылы

№	Жетістік деңгейі	Аты-жөні	Сыныбы	Марапаты
Халықаралық				
1	1.Бәйтерек" байқауында 2.Қазақстан таланттар байқауы «мәнерлеп оқу»	Ажарғалиев Адилет	2	II I
2	1.Қазақстан таланттар байқауы «мәнерлеп оқу» 2. Халықаралық байқау Балаларға арналған конкурстар "Жер планетасы"	Арынғазы Жаннұр	3	II III
3	Халықаралық байқау Қазақстан таланттар байқауы "Дені саудың реңі сау"	Мурзаев Нурдос	3	I
4	Халықаралық Қазақстан таланттар байқауы "Патриотизм"	Сагиев Ануар	3	I
5	Халықаралық Қазақстан таланттар байқауы "Жануарлар әлемі"	Усин Ақылбек	3	Алғыс хат
Республикалық				
6	«Ұлы тілтану елінде» байқауы	Сагиев Ануар	3	III
7	«Замануи әлемдегі ғылым мен инновацияны дамытудағы рөлі» атты II Халықаралық ғылыми-зерттеу жұмыстары және инновациялық жоба байқауы	Сағынай Ринат	8	I
Аудандық шара				
8	Шығармашылық жетістіктері үшін	Мурзаев Нурдос	3	Алғыс хат
9	«Бес тас» асық ату	Қыдыралы Сымбат	6	I
10	«Ұлы халықтың- ұлы Абай» байқауы	Асылбекова Ақнұр	9	Үздік орындаушы
11	«Ақберен» өнер байқауы	Асылбекова Ақнұр	9	Алғыс хат
Оқу жылындағы білім алушылардың контингентінен жүлдегер үлесі: Барлық оқушы саны-73 Халықаралық-15% Республикалық- 3% Аудандық-5%				

Кестедегі 2019-2020 оқу жылы бойынша жалпы оқу саны- 73 оқушы. Оның Халықаралық конкурстарға қатысқаны-8, Республикалық конкурстарға қатысқаны-2, Аудандық шараға қатысқаны- 4.

2020-2021 оқу жылы

Жетістік деңгейі		Аты-жөні	Сыныбы	Марапаты
Республикалық				
1	«Көркем жазу» онлайн байқау	Ажарғалиев Адилет	3	I
2	«Ғылыми –зерттеу жұмыс» байқауы	Қази Ақгүл	4	I
3	«Ғылыми –зерттеу жұмыс» байқауы	Ажарғалиев Адилет	3	I
4	«Көркем жазу» онлайн байқауы	Орынбай Абзал	1	III
5	«Абай оқулары» байқауы	Қыдыралы Сымбат	7	III
Аудандық шара				
6	«Туады, туады әлі нағыз ақын» байқауы	Ажарғалиева Мадина	5	II
7	«Қағаз әлеміндегі өнер» байқауы	Ажарғалиева Мадина	5	III
8	«Асық ату» спорттық ойын	Меңдигарина Айсауле	7	I
9	«Асық ату» спорттық ойын	Қыдыралы Сымбат	7	I
10	«Туған өлкеге саяхат» байқауы	Қыдыралы Сымбат	7	III
Оқу жылындағы білім алушылардың контингентінен жүлдегер үлесі: Барлық оқушы саны-75 Республикалық-7% Аудандық-7%				

Кестедегі 2020-2021 оқу жылы бойынша жалпы оқу саны -75 оқушы. Оның Республикалық конкурстарға қатысқаны -5, жүлдегерлері-5, Аудандық іс-шараға қатысқаны-5, жүлдегерлері-5.

13.4.-13.5. Білім алушылардың таным мәселелерін шешуге және субъективті жаңа білімді меңгеруге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған тәрбие жұмысы іске асырылды.

2017-2018 оқу жылында тәрбие жұмысының басты міндеттерінің бірі – «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясын жүзеге асырудың әдіснамалық және ғылыми әдістемелік тұрғыда жұмыстар жүргізу.

Аққұдық орта мектебінің тәрбие жұмысы Білім және ғылым Министрінің 2009 жылғы 16 қарашадағы №521 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасын, ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 29 маусымдағы №873 Қаулысымен бекітілген білім беру ұйымдарында оқыту процесінің тәрбиелік құрамдасын күшейту жөніндегі үлгілік кешенді жоспарды, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 29 мамырдағы №875 қаулысы негізінде бекітілген Ақтөбе облысындағы тәрбие жұмыстарының 2013-2020 жылдарға арналған бағыт-бағдарламасы, Хромтау аудандық білім, дене шынықтыру және спорт бөлімінің №437, 15.09.2012жылғы бұйрығымен бекітілген 2013-2020 жылдарға арналған бағдарламасын негізге ала отырып тәрбие жоспары құрылып, жұмысы жасалды.

Мектептің тәрбие мақсаты: «Бәсекеге қабілетті, өзін-өзі басқара білетін жас ұрпақтың, қарым-қатынас мәдениетін, шығармашылық қабілеттерін жетілдіре отырып отансүйгіштікке тәрбиелеу»

Отбасы тәрбиесі бағыты бойынша мектепте ата-аналардың қатысуымен «Біз – ұйымшыл отбасымыз» атты спорттық жарыс өтті. «Біз –ұйымшыл отбасымыз» номинациясын Кистаубаевтар отбасы ие болды. Сонымен қатар кітапханашының ұйымдастыруымен «Анам, әкем және мен-әдебиет оқитын отбасымыз» атты шара өткізілді. Бұл шараға негіз болатын фото дәлелдер сақтаулы.

Азаматтық-патриоттық, құқықтық және полимәдениеттік бағыты бойынша тіл айлығы қарсаңында «Ана тілім-мақтанышым» мектепшілік іс-шара өтті. Тіл айлығының қарсаңында қазақ тілі пәнінің мұғалімі А.Г.Баянбаевның ұйымдастыруымен мазмұнды тәлімге толы іс-шаралар өтті (ашық тәрбие сағаттары, спорттық жарыстар, мәнерлеп оқудан сайыс т.б.) 1-11 класс білім алушылар қатысуымен «Елтанба-елдігімнің айшығы», «Желбіреген көк байрағы елімнің», «Әнұраны елімнің жүрегінде» атты шығарма жазу, сурет салу, хормен ән айту іс-шаралар өтті.

Рухани-адамгершілік тәрбие бағыты бойынша 7-11 класс оқушылар, жас мамандар арасында «Адамгершілік мұрағаттың уақыты» атты пікірталас ұйымдастырылды. Ауыл қарттарына арналған

«Қарттарым аман сау жүрсін» атты мерекелік кеш өтті. Мерекелік кеш аталар мен әжелер арасындағы жарықа жалғасты. Оқушылар өз қолдарымен жасаған сыйлықтарын табысталды.

Кәсіби-шығармашылық тәрбие бағыты. Ұстаздар мерекесіне орай «Ұстаздарға тағзым етейік» тақырыбында мектебіміздің ардагер ұстаздары А.Муздакова мен Ұ.С.Кунжарикованың қатысуымен мерекелік кеш ұйымдастырылды. Ұстаз мамандығы бойынша кәсіби бағдар берілді, оқушылар сұрақ қойып, өз ойларын ортаға салып, мұғалім мамандығының қыр сырларымен таныс болды. Кездесу аяқталғаннан кейін білім алушылар өз өнерлерін көрсетті. Күз мезгілінің кереметін ұғындыру мақсатында дәстүр бойынша мектебімізде «Алтын күз-2017» іс-шарасы ұйымдастырылды. Ата-аналардың көмегімен оқушылар үлкен жауапкершілікпен дайындалып, шығармашылық қабылеттерін көрсете білді.

Өзін-өзі тану мен өзін-өзі дамыту қажеттілігін қалыптастыру. Бұл бағыт бойынша «Өмірдегі ең маңызды нәрсе не?» атты 7-11 класс оқушылар арасында дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Шараға жауапты болған мектеп психологі Г.Г.Мендигарина 5-11 класс оқушылар арасында «Қазіргі заманға сай болу дегеніміз не?» атты тақырыпқа шығарма жазудан сайыс өткізілді.

Әлеуметтік-мәнді өзін-өзі дамыту қажеттілігін қалыптастыру. 8-11 класс білім алушылар арасында «Заманым жақсарғанда, мен неге жаман болуға тиіспін?» тақырыбында дөңгелек үстел өтті. Қоғамда болып жатқан келеңсіз жайттар туралы мәлімет берілді, оқушылар өз ойларын ортаға салды. Жас ұрпақ қазіргі таңда білімді, білікті, сауатты, тәрбиелі, өз елінің патриоты болып өсу басты мақсат деп санау керек. Осы туралы көп сөз қозғалды.

Эстетикалық тәрбие. Тәуелсіздік күніне арналған «Ән көңілдің ажары» атты ән байқауы ұйымдастырылды. Бұған негіз фото дәлілдер сақтаулы. 7-11 класс білім алушыларға «Сұлулық сыры неде?» пікірталас өтті, шараны өткізген мектеп психологі Г.Г.Мендигарина. Қатысқан оқушылар саны 25. Мақсаты: сұлулық сыры адамның киімінде, келбетінде емес, ішкі дүниесінде деп оқушылар өз ойларын ортаға салып талқылады. Жаңа жыл мерекесіне арналған «Жасыл шыршы жанында» ертеңгілік өз деңгейінде ұйымдастырылды.

Интеллектуальді мәдениетін қалыптастыру. 5-6 класс оқушылары қатысуымен «Не? Қайда? Қашан?» атты ойын ұйымдастырылды. Мектепте «Білім инемен құдық қазғандай» тақырыбында апталық өтті. Мақсаты: Білім алышулардың дүниетанымын кеңейтіп заманауи өмірде заман талабна сай болып өсу.

Экологиялық тәрбие бойынша мектепте «Табиғат-туған үйіміз» атты айлық өтті. Барлық кластарда: ашық тәрбие сағаттары, қабырға газетін шығару, сурет салу, буклет жасау т.б. тапсырмалар берілді. Мектеп бойынша барлық кластар белсендік танытты.

Еңбек және экономикалық тәрбие. Мектепте еңбек пәнінің мұғалімі Н.О.Жанадиловтің жетекшілігімен «Қол өнер» үйірмесі жұмыс жасады. Оқушылары аудандық көрмеде жүлделі орынға ие болды. «Ексең егін ішерсің тегін» атты апталықтың мақсаты оқушыларды еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Бастауыш класс оқушыларының қатысуымен «Нан байлықтың көзі» сурет байқауы ұйымдастырылып, ең мықты суреттер линейкада марапатталды. «Жасөспірім балалардың жұмыс жасауы дұрыс па?» тақырыбында оқушылармен ата-аналар арасында пікірталас өтті.

Дене тәрбиесі мен салауатты өмір салты және денсаулық қорғаушы орта қалыптастыру.

«Денсаулық кепілі-салауаттылық» атты айлық барысында мектептің мұз алаңында балаларға коньки, шаңғыда зырғанау, дала ойындарына қатысты. Осы жылы біздің оқушылар ауданда өткен волейбол, минифутбол жарыстарына қатысып, жүлделі орындарға ие болды. Мектепте шылым шегетін, ішімдікке әуес, ИДН-да есепте тұрған оқушылар жоқ.

Қорытынды: Жоспарланған іс-шаралар талапқа сай ұйымдастырылып, мақсатына жетті.

Ұсыныс:

- Келесі оқу жылында аудандық, облыстық сайыстарға қатысудың белсенділігін арттыру және нәтижеге қол жеткізу;
- Үштік одақ жұмысын жандандыру;
- Болашақта жоспарға жаңа идеяларды енгізу.

2018-2019 оқу жылындағы тәрбие жұмысының бір ерекшелігі Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласындағы қоғамды рухани жаңғыртудың ауқымды идеялары мен тұжырымдамалық тәсілдерді терең меңгеру және білім алушылар арасында таратуды ұйымдастыру болып табылады.

Мектептің тәрбие беру жұмысының өзекті мәселесі: Оқушылар бойында ұлттық патриотизмді қалыптастыру.

Тәрбие беру жұмысының мақсаты: Өз елінің тарихын, мәдениетін, салт-дәстүрін қастерлей білетін, өмірлік белсенділігі қалыптасқан қазақстан патриотын тәрбиелеу.

Тәрбие жұмысының мазмұны:

Оқу жылының басында 2017-2018 оқу жылында атқарған жұмыстарға талдау жасау арқылы жаңа оқу жылына міндеттер айқындалды, ұйымдастыру шаралары іске асты: сынып жетекшілер тағайындалды, оқушылардың және ата-аналардың әлеуметтік жағдайы туралы мәліметтер жинақталды, тәрбие жоспарының бағыттары белгіленді, сынып бөлмелері бекітілді. Сынып жетекшілердің тәрбие жоспарлары тексеріліп бекітілді. Оқушылардың мектеп ережесіне сай мектеп формасына, күн режиміне бірыңғай талаптар қойылды. Сынып арасындағы рейтинг жүргізудің реттілігі мен мақсаттылығы және тоқсан сайынғы тәрбие жұмыстар бойынша есебі мен педагогикалық кеңесте талқыланатын мәселелер қамтылды.

Тәрбие жұмысының жылдық жұмыс жоспары 8 бағытты қамти отырып жасалды. Әр айға бірнеше бағыттан белгіленіп, мектептің басқа қоғамдық қауымдастық, денсаулық, ата-ана, құқық қорғау органдарымен, кітапханашымен, психологпен, тәлімгермен жұмыс түрлері белгіленіп отырды. Жалпы мектепшілік тәрбиелік іс-шаралардың өткізілуі туралы жұмыс жоспарлары құрылып, өткізілген іс-шаралар құжаттары жинақталды.

Тәрбие жұмысының 8 бағыты:

1. Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие
2. Рухани – адамгершілік тәрбие (діни тәрбие)
3. Ұлттық тәрбие, этникалық мәдениет тәрбиесі
4. Отбасы тәрбиесі, ата – анамен жұмыс
5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие
6. Көпмәдениет және көркем – эстетикалық тәрбие
7. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі
8. Салауатты өмір салты, дене тәрбиесі

ҚР мемлекеттік нышандарын насихаттау және қолдану бағдарламасы бойынша жол қауіпсіздік ережелерін насихаттау, балалар жарاقاتын болдырмаудың алдын алу шаралары, өрт қауіпсіздігіне арналған шаралар, діни экстремистік көзқарасқа қарсы жүргізілетін іс-шаралар кенінен жоспарланды. Мектеп әкімшілігімен «Бала тәрбиесі-баршаның ісі» тақырыбында бірлесіп атқаратын жұмыстар, оқушылар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу шаралары бірлесіп жоспарланды. Мектепшілік іс – шараға оқушылардың қатысымының жылдар арасында өсімі бар. 2017-2018 - 92%, 2018-2019 оқу жылында - 97,8 % өсті. 10 күннен астам себепсіз сабаққа келмей жүрген оқушылар тіркелген жоқ.

Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие бағыты барысында «Жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын-алу» тақырыбында ІІБ қызметкерлерімен кездесулер үнемі болып тұрды. Аудандық полиция бөлімінің учаскелік полиция инспекторы С.С.Жайлаубаев және мектеп инспекторы аға лейтенант А.Т.Жұмабаев шақырылды. Кездесу барысында білім алушылар көкейінде жүрген сұрақтарға жауап алды.

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі құрметіне «Рухани жаңғыру – ұлттың ұлы мұраты» атты тақырыпта сынып сағаттары өткізілді.

Қыркүйек айы «Мәңгілік ел – мәңгілік тіл» атты тілдер онкүндігімен басталды. Алғашқы күні «Тіл-ұлттар ұйтқысы» атты гуманитарлық пәндер әдістемелік бірлестігінің ұйымдастыруымен үш тілде құттықтауымен апталықтың ашылу салтанатты жиынын өткізді. Қаламы жүйрік дарынды балалар арасында «Тіл тұтастығы-ел тұтастығы», «Тіл достықтың терең тамыры», «Мемлекеттік тіл менің тілім» атты іс-шаралар қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, кітапханашы, бастауыш сынып мұғалімдерінің қолдауымен мақсатына жетті.

Мектепте «Адал Ұрпақ» еріктілер клубы тәрбие жұмысын ұйымдастыруға қолдау білдіреді. Жастар арасында адалдық пен адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру мақсатында «Адалдық дүкені» акциясы ұйымдастырылып тұрады.

ҚР тұңғыш Президент күніне орай «Елін сүйген, елі сүйген – Елбасы» апталығы «Елбасы сенімі – ел сенімі» тақырыбында мектептің Іші қабатында қабырға газеттер көрмесімен басталды.

1-11 сыныптарда «Ғасырдың ғажап азаматы – Нұрсұлтан Назарбаев» тақырыбында тәрбие сағаттары өткізілді. Мектебіміздің жас ақындары Елбасына арнау өлеңдерін мәнерлеп оқыды.

ҚР Тәуелсіздік күніне орай жоспар құрылып, бекітілді. Мектепте «Желтоқсан құрбандары» тақырыбында көрме, «Тәуелсіздік - еліміздің ерлік жолы» атты іс-шара ұйымдастырылды. Бұл шараға жалпы мектеп оқушылары қатыстырылды. 1 сыныптың класс жетекшісі З.К.Сейтжанова Тәуелсіздікке ашық тәрбие сағатын ата-аналар қатысумен ұйымдастырды. 9-сынып оқушыларымен мектептің жас мамандары арасында «Тәуелсіз елдің ұрпақтары» атты интеллектуалдық сайысы өтті. «Жас Ұлан» және «Жас Қыран» ұйымына қабылдау салтанатты сабы «Тәуелсіздік тұғыры әрқашанда биік болсын» атты мерекелік концертке ұласты. Ұлдар арасында мектепшілік футболдан жарыспен аяқталды.

«7-мамыр ҚР Қарулы күштер күніне» орай «Көктуым» атты мерекелік саптық ән байқауы ұйымдастырылды.

«9-мамыр Ұлы Жеңіс күніне» орай «Ешкім де, ешқашанда ұмытылмайды...» атты салтанатты жиын ҮОС ардагерлерінің, тыл еңбеккерлерінің ұрпақтарының қатысуымен Жас Түлек 2019 мектеп жанындағы алаңға ағаштар отырғызумен жалғасты.

Шәкірттеріміздің бірі 9 класс оқушысы Асылбекова Ақнұр II Халықаралық балалар мен жасөспірімдер шығармашылық байқауына қатысып III-дәрежелі диплом иегері атанды.

Қыз балалар арасында аудандық «Мерген ару-2019» шарасында жүлделі III орынға ие болдық.

Аудандық Тәуелсіздік күніне арналған шығарма байқауына қатысып, жүлделі II-орынға ие болған орыс тілі пәнінен 7 класс оқушысы Құмар Ақбота, III-орынға ие болған ағылшын тілі пәнінен 7 класс оқушысы Даулетьярова Мерей.

Рухани – адамгершілік тәрбие (діни тәрбие) бағыты бойынша

1-5 ші қазан аралығында «Ұстазға тағзым» атты тақырыпта апталық өткізілді. Апталық барысында оқушылар 1-2 қазан күндері «Ұстаздарға ақ тілек» тақырыбында қабырға газеттері көрмесі ұйымдастырды. 3 қазан күні «Менің алғашқы ұстазым» тақырыбында шығармалар сайысы, 4 қазан күні «Менің сүйікті ұстазым» атты тақырыпта ұстаздарға құттықтау хаты жазылды, «Мәңгілік елдің ұстаздары» атты арнайы шақыру билеттерімен зейнеткер ұстаздарды мерекелік кешке шақырып, «Ұстаз – ұлы тұлға» тақырыбында мерекелік кеш өткізілді.

Оқушыларға рухани-адамгершілік тәрбие беру мақсатында «Қариясы бар үйдің қазынасы бар» атты кездесу ұйымдастырылды. Кездесуге ауылымыздың үлкен қарт ата-әжелеріміз келіп, ізгі, жылы тілектер және ақыл-кеңестерін айтып білім алушыларға бағыт-бағдар берді. Сонымен қатар, «Жас Ұлан» ұйымының мүшелері ауылымыздың жалғызбасты қарт ата-әжелердің үйіне барып, қол ұштарын тигізіп, үйдің айналасын тазалап берді. Қарттар балаларға ризашылығын айтып, батасын берді.

Зайырлы дінтану курсының жетекшісі Жанаева Кулаш Қыдыралиевна «Ислам дінінің ізгілігі» атты дөңгелек үстел ұйымдастырды. «Адамгершілік тәрбие – басты мақсат» атты пікірталас сабағы 5-8 класс оқушылары мен класс жетекшілер арасында өткізілді.

Ұлттық тәрбие, этникалық мәдениет тәрбиесі бағыты бойынша

Ақтөбе облысының білім басқармасының хаты негізінде Қазақстан Республикасы Президентінің әйелдер істері және отбасылық – демографиялық саясаты жөніндегі ұлттық комиссиясы 2018 жылғы 16 қарашадағы отырыстың хатына сәйкес Аққұдық орта мектебінде мамыр айының 13-күні деңсаулық сақтау ұйымдарымен бірлесіп, арнайы мамандардың қатысуымен жасөспірім қыздар оның ішінде мектептің 7-11 класс қыздарының арасында ерте жүктіліктің алдын-алу бойынша «Қыздарға 100 кеңес» атты ақпараттық – түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Оқушылардың эстетикалық талғамы мен мәдениетін қалыптастыру мақсатында «Алғыс айту» күніне орай іс-шаралар жоспары құрылды. Іс – шара аясында «Алғыс айту – парызым!» атты тәрбие сағаттары өтілді. 9 кластың сынып жетекшісі Муздакова Армангул Жарасқановнаның ұйымдастыруымен балдар ауылдың қарттарына барып, мерекемен құттықтады. «Алтын алма, алғыс ал» дегендей оқушылар үлкендердің батасын алды.

Халықаралық Әйелдер күніне орай ««Аяулы жандар — асыл аналар»» атты іс-шаралар жоспары құрылды. «Әлемнің жарығын сыйладың сен маған» тәрбие сағаттары, «Көктем аруы – 2019» сайысы, «Сыйынар ем Ана деген тәңірге» атты мерекелік кеш ұйымдастырылды. Мақсаты: аналардың өлшеусіз еңбегін бағалай білуге, анасын сүю арқылы еліне деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Бүгінгі күні әйелдер қауымының қоғамдағы рөлі мен алатын орны жайлы әдебиеттерден «Әйел-ана, әйел – Әлем, әйел – Нұр!» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды.

Білім алушыларды ұлтжандылыққа, имандылыққа, инабаттылыққа, халқымыздың салт - дәстүрін қастерлеуге, сақтауға тәрбиелеу мақсатында ұстаздар мен оқушылар және кәсіподақ ұйымымен бірлесе ұйымдастырылған «Армысың, нұрлы Наурыз» тақырыбында мерекелік іс-шарасы өтті. Іс-шараға мектебіміздің ардагер ұстаздары және Хромтау аудандық білім бөлімінің кәсіподақ ұйымының төрайымы Г.Аханова қонақ ретінде қатысты.

Ел ішіндегі түрлі ұлт пен дін өкілдерінің бір-біріне деген сый-құрметін арттырып, татулықты, бірлікті, ортақ құндылықтарды насихаттау үшін Қазақстан ұлттарының бірлік күніне орай «Көп ұлтты, тату елім – Қазақстан» атты мерекелік шеру өтті.

Отбасы тәрбиесі, ата – анамен жұмыс бағытының. Міндеті: балалардың өз туыстарының кемшіліктеріне шыдамдылық көрсетуін қалыптастыру, өзін отбасының тең құқылы бір мүшесі ретінде сезінуіне, ересек адам ретінде отбасында пікір айта алуына дағдыландыру.

Осы бағыт бойынша мектепте көзделген төмендегі іс-шаралар іске асырылды. 1 және 11 класс оқушыларының ата-аналары арасында «XXI ғасырдағы Қазақстандық ата-ана, өз балаңа үлгі бол» атты ата-аналар конференциясы өтті. Конференция бағдарламасында: отбасылық құндылықтарды ілгерілету және нығайту; балаларда интернетке тәуелділік қалыптасуының алдын-алу; баланың өзін-өзі бағалауын арттыру; ҰБТ-ге дайындық және оны тапсыру барысында жасөспірімге ата-ананың психологиялық көмегі; жасөспірімнің ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

ИДН қызметкерлері оқушыларды қоғамдағы болып жатқан келеңсіз жағдайлардан сақтандыру мақсатында «Жасөспірім және қылмыс», «Біз және Заң» атты кездесу сағаттары өткізіліп оқушылардың сұрақтарына жауап берді. Әр оқу тоқсанында тақырыптық жалпы ата-аналар жиналысы өткізіліп тұрды. Жыл басында мектеп психологының ұйымдастыруымен 1 класс оқушыларының ата-аналарына «Бірінші сынып ата-аналарына психологиялық кеңес» тренингі ұйымдастырылды. «Отбасы бізден басталады» асфальтта отбасылық сурет салу сайысы өтті.

Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие берудің міндеті табиғат тағдыры үшін тұлғаның жауапкершілік сезімін қалыптастыру, жанашырлық сезімін ояту, адам мен қоршаған ортаның біртұтастығын сана сезімдеріне дағдыландыру. Көгалдандыру айында мектебімізде ата – аналардың, оқушылардың, ұстаздардың көмегімен бірнеше жұмыстар атқарылды, мектептің алдына қарағай ағаштары, питуния және көпжылдық гүлдер отырғызылды. Мектеп ұстаздары мен оқушылар мектеп ауласында, мектепке бөлінген аймақта сенбілік өткізіп ақтау, тазарту жұмыстары жасалып тұрды. Қазақ тілі пәнінің мұғалімдерінің ұйымдастыруымен «Егер мен елбасы болсам» өзін-өзі анықтау мақсатында шығарма немесе өлең шығару сайысы өтті. 5-8 класс оқушыларымен «Құстарға пана болайық!» құстарға ұялар жасалды. «Алғашқы экономикалық түсініктер» тақырыбы аясында 5-10 сынып оқушылары өздері орындаған жоба жұмыстары арқылы экономиканың тұстары туралы білімдерін көрсетті.

Көпмәдениет және көркем – эстетикалық тәрбие мақсаты: әлеуметтік және жеке қасиеттерін қалыптастыру бағыты бойынша адам - ең жоғарғы құндылық екенін оқушыға түсіндіру болып келеді. Осыған орай жоспарға сай бірнеше жұмыстар қамтылды.

«Шырқа, балалық шағым» атты әндер фестивалі музыка пәнінің мұғалімі Рсалина Ж.Х.бастауымен ұйымдастырылды. «Көктем гүлі» қағаздан гүл жасау көрмесі ұйымдастырылды. Мектеп психологының ұйымдастыруымен «Өмір қандай қызық едің?» атты оқушылардың қызықты сәттерінен фото альбом жасау сайысы өтті. Кітапханашының ұйымдастыруымен М.Мақатаевтың «Мұқағали және ұлттық рух» атты поэзия кеші, І.Жансүгіров туғанына 125 жылдығына іс-шара өтті.

Сонымен қатар, мектебімізде қаңтар айында ҚР ның Білім және Ғылым министрлігінің, Ақтөбе облысы әкімінің орынбасарының 09.01.2019 жылғы тапсырмасы негізінде «Қамқорлық» дәстүрлі қайырымдылық акциясы аясында жоспар құрылып, рейд жүргізіліп, акция бұрышы жасалды, балаларды татулыққа, жанашырлыққа тәрбиелеу мақсатында кластарда ашық тәрбие сағаттары өткізілді. Акция барысында аз қамтылған отбасы балаларына мектеп ұстаздары мен ата-аналардың қатысуымен жәрмеңке ұйымдастырылып, осы оқушыларды Ақтөбе қаласының қызықты жерлеріне барып тамашалап қайтуға мүмкіндік берілді.

Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндігін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын қалыптастыру мақсатында «Өзін-өзі басқару» күнін өткізіп, мектеп президентін етіп 9 сынып Хасенова Назия сайланды. 1-4 сыныптар арасында әрбір баланы жетілдіру үшін оның бойындағы бар құндылықтарды дамыту мақсатында «Өзімді тану-өзгені тану» атты тақырыпта тәрбие сағаты. 9-11 сыныптар арасында «Ақпараттық мәдениет негіздері» тақырыбында тәрбие сағаттары өтті.

Салауатты өмір салты, дене тәрбиесі бөлімінің мақсаты: Салауатты өмір салты дағдыларын табысты қалыптастыру, дене және психологиялық денсаулықты сақтау, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтауды білу үшін кеңістік құру бағыты бойынша төмендегідей іс-шаралар қамтылды.

Сәуір айының 1-30 аралығында «Біз жолда және тұрмыста қауіпсіздік тәртібін қолдаймыз» атты тақырыпта айлық өтті. Бұл айлықта мектеп медбикесі Жампинова Гулбану жоғары сынып оқушыларымен бірлесіп алғашқы көмек көрсету тәртібімен балаларды таныстырды, ал мектеп тәлімгері оқушыларды жол тәртібімен таныстырды. «ЖҚТБ және сен» тақырыбында онкүндік өткізілді. Онкүндікте «Денсаулық және спорт» тақырыбында спорттық ойындар, «Жаман әдеттен сақ бол» тақырыбында сынып сағаттары өткізілді. 1-11 класс оқушыларына «Шынықсан шымыр боларсын» денсаулық апталығы, жоғары сынып ер балаларының арасында «Мылтық ату» әскери-спорттық ойыны, Тәуелсіздік күніне орай мектеп мұғалімдері, оқушылар, студенттері арасында Тоғызқұмалақ, Волейбол ойындарынан жарыстары өтті. Қыс айларында балалардың салауатты өмір салтын ұстануға баулу, спортқа деген қызығушылығын арттыруға мақсатында «Мектепшілік алау» ойындары ұйымдастырылды.

Нәтижесі: Аудандық «Бес тас» жарысынан Аққұдық орта мектебінің 7-9 сынып қыз балалары 1-орынды иеленген.

4- сынып оқушысы Оразғали И. Алматы қаласына «Бөбек» сауықтыру орталығына жіберілді.

Аудандық «Мұрагер» квест ойынына мектебіміздің жас мамандарынан құралған «Титан» командасы қатысып, жүлдеді ІІІ орынды иеленді.

19 шы аудандық спартакиада жеңіл атлетиканың 1500 км қашықтыққа жүгіру жарысынан жүлделі 3-орынға ие болған 5-сынып оқушысы Өтеуова Ақмаржан марапатталды. Тәуелсіздік күніне арналған Хромтау ауданының мұғалімдерінің арасында футбол жарысынан ІІ орынға ие болған Аққұдық ОМ командасы марапатталды.

Қорытынды: Тәрбие бағыттары бойынша шаралар жоспарға сай өткізілді. Шаралар барысында оқушылардың бойында адамгершілік, патриотизм, еңбекке сүйіспеншілік, отбасыға деген жылулық, салауатты өмір салтын сақтау қасиеттерін қалыптасуға ықпал етілді.

Үсыныс:

- сынып жетекші оқушылардың қызығушылығын арттыру мақсатында тәрбие сағаттарын жаңаша үлгіде ұйымдастыру.

- «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес» жұмысын жандандыру;

- еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие бағытының жұмысын белсендіру;

- зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі бағытындағы шаралар санын арттыру.

2019-2020 оқу жылының тәрбие жұмысының мақсаты: дені сау, ұлттық сана сезімі оянған, рухани ойлау дәрежесі биік, мәдениетті, парасатты, ар-ожданы мол, еңбекқор, іскер, бойында басқа да қасиеттер қалыптасқан адамды тәрбиелеу. Ұрпағымызды парасатты да білікті, мәдениетті де білімді етіп тәрбиелеу мақсатында сынып жетекшілер оқушының тәрбиелік деңгейін бақылайды. Мектепте 1-10 сынып аралығында 9 сынып комплектісі бар, 1-4-сыныптарда 39 оқушы, 5-9-сыныптарда 29 оқушы, 10-сыныпта барлығы 5 оқушы оқиды.

Қазақстандық патриотизм және азаматтық, құқықтық тәрбиелеу бағыты оқушыларға ҚР мемлекеттік рәміздерін бағалап, ҚР Конституцияны құрметтеуге баулу жұмыстары атқарылды. Ана тіліне деген құрмет пен сүйіспеншілікті нығайту, өз құқықтарын мен міндеттерін біле келе жауапкершілікті сезіну, өз Отанының патриоты болуға тәрбие беру міндеттелді.

Бағыт бойынша «Саналы ұрпақ – жарқын болашақ» атты сынып сағаттары болды. Өз мемлекетіне жауапкершілікпен қарау, әділдікке, адалдыққа үйрету, патриоттық тәрбие қалыптастыру мақсатынды өткізілді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың "Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі" атты Қазақстан халқына Жолдауы бойынша оқушылар мен мұғалімдер арасында отырыстар жасалып, ақпараттық түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Өскелең ұрпақтың бойында адалдық, парасаттылық, отансүйгіштік құндылықтарын қалыптастыру мақсатында Агенттіктің тікелей бастамасымен барлық білім беру ошақтарында жұмыс жасап жатқан «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубтары мен «Саналы ұрпақ» жобалық

кеңселерінің орны ерекше. Көрсетілген бастамалардың мүмкіндіктерін одан әрі кеңейту үшін 2 қыркүйек күні мектебімізде бірыңғай «Адалдық сағаты» ұйымдастырылды. Бұл шараға мектеп директоры Кунтаев А.М., Аққұдық селолық округінің бас маманы Давлетьярова А.С. қатысты.

Балалардың жол-көлік жарақатының алдын алу айлығы аясында мектепте жол қозғалысы ережелері бойынша «Қауіпсіз жол» және «Назар аударыңыз, балалар» акциясы өтті. Акцияға мектептің өзін-өзі басқару мүшелері және мектеп инспекторы Жұмабаев А.Т қатысты. Акцияға қатысушылар жол қозғалысы ережелері бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

Балалардың жолда жүру қауіпсіздігіне бағытталған "Жол жүру ережесін сақтаймыз" атты іс шаралар жоспары бойынша бастауыш кластар арасында "Жол ережелерін кім білгіш?" атты тәрбие сағаттары, "Абайла, жаяу жүргінші" атты суреттер байқауы өтті.

Рухани-адамгершілік тәрбиелеу бағыты

16 желтоқсан Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орай 9-14 желтоқсан аралығында «Тәуелсіздік – бабалардың ұраны» атты апталық жоспарланып, жоспар аясында түрлі іс-шаралар өткізілді. 1-10 сынып оқушылары «Қазақстан–тәуелсіздік төрінде» тақырыбында қабырға газеттерін шығарды. «Тәуелсіздік – тұғырым» тақырыбында кітап көрмесі ұйымдастырылды. «Біз рәміздерді құрметтейміз», «Тәуелсіздік- менің мақтанышым» тақырыбында бастауыш сынып оқушылары арасында тәрбие сағаттары өтті. «Тәуелсіздік теңдесі жоқ байлығым» интеллектуалдық сайысы 5-7 сынып оқушылары арасында өтті. Сайысты Тәуелсіздік тарихынан мағлұматтар берілді, оқушылардың білімі мен біліктілігін шыңдау мақсатында тапсырмалар орындады. «Мемлекеттік рәміздер – тәуелсіздігіміздің нышаны!» тақырыбында дөңгелек үстел өтті. Оқушылар мемлекеттік рәміздер туралы білімдерін ортаға салды, қосымша ақпараттар алды. Бейнероликтер көрді. Ауыл жастары және мектеп оқушылары арасында «Желбірей бер, тәуелсіздік байрағы» спорттық ойындары өтті және «Жас Ұлан», «Жас Қыран» ұйымына қабылдау салтанатты жиыны өтті. Шара барысында оқушылар Отан, туған ел, тәуелсіздік тақырыбында өлең оқып, әндер шырқады.

Мектебіміздің "Қоғамға қызмет" еріктілер тобының мүшелері ауылымыздың қарты Ноғайбаева Раушан апайдың ауласын қардан тазалап, қол ұштарын беріп көмектесті.

Отбасы тәрбиелеу бағыты

6-14 қыркүйек аралығында «Отбасы –ізгілік бастауы» атты апталық өтті. Отбасы күнін өткізудің басты мақсаты – отбасы мәселесінің маңыздылығына, отбасы құндылығына және дәстүрлеріне қоғамның назарын аудару.

Мектеп оқушыларына апталық жоспарын директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Е.Ақниязова таныстырып өтті. 1-11 сыныптар арасында «Менің берік отбасым» атты мектепшілік қабырға газетін шығару іс шарасы. «Отбасы – шаңырақтың айнымас тірегі» тақырыбында ашық тәрбие сабақтары өткізілді. Қазақ тілі пән мұғалімі А.Г.Баянбаеваның ұйымдастыруымен «Отбасы-бақыт мекені» тақырыбында шығармашылық байқау 5-9 класс оқушыларының арасында ұйымдастырылып жеңімпаз, оқушылар марапатталды.

11-21 ақпан аралығында мектебімізде ата-аналар, қамқоршылық кеңес мүшелерімен бірлескен онкүндік барысында білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында критериалды бағалау, БЖБ және ТЖБ бойынша ата-аналармен түсіндірме жұмыстары, құндылықтарға негізделген тәрбие жұмысының бағыттары бойынша іс-шаралар, оның ішінде ата-аналар жиналысы, кездесулер, балалар қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша ақпараттық сағаттар өткізілді. Ата-аналар жиналысында сынып жетекшілер, үйірме, секциялардың есептері тыңдалды.

Мектеп ата-аналар үшін өз есігін айқара ашып, «Ашық есік күндерін» өткізді. Ата-ана сабаққа қатысып қана қоймай, үйірмелердің де тіршілігімен тыныстады. Кітапхана қызметкерлері де шарадан қалыс қалмай, ата-аналар үшін тиімді болып табылатын құнды дүниелерді атап өтті. Шара соңында қатысушы ата-аналардан сауалнама алынды. Аққұдық орта мектебінің ата-аналар жиналысы қашықтықтан Whatsapp әлеуметтік желісі арқылы өтті. Жиналыс тақырыбы: Біздің мектепте қашықтықтан оқыту қалай жүргізіледі? Мақсаты: қашықтықтан оқытуды ұйымдастыру туралы ата-аналарды ақпараттандыру.

Ұлттық тәрбиелеу бағыты

Үлкенді сыйлау, құрмет көрсету ата-бабадан келе жатқан салтымыз. Қарттарым, аман сау жүрші дегендей қарттардың қоғамға, жас жеткіншектерге берері көп. Осыған орай «Қарттарым, аман сау жүрші» атты мерекелік іс шара өткізілді. Бұл іс – шараға ауылдың үлкен қариялары, мектеп оқушылары, мұғалімдері қатысты.

Мектебімізде қаңтар айында өткізілген «Қайырымдылық іс жаса, қайырлы болар әр ісің» акциясында аз қамтылған отбасы балаларына мектеп ұстаздары тарапынан қажетті құрал-жабдықтар, киім –кешектер берілді. Оқушыларда өз жауапкершілігін сезіну мақсатында 9-10 сыныптар арасында «Сен өзіңнің істегеніне жауаптысың» дөңгелек үстел, «Әдеп жолы әріден басталады» тәрбие сағаты өткізіліп, мектеп фойесінде «Сенім» жәшігі жұмыс істеп тұрды. Қазақстан халқы Ассемблеясына 25 жыл толу мерекесіне орай мектепшілік онкүндік жоспары құрылып, бекітілді. Жоспар бойынша кітапханашы Кунжарикова А. ұйымдастыруымен кітап көрмесі жасалынды. Тарих пәнінің мұғалімдері Жанаева К.Қ мен Иманкулова М.Е. «Тілі басқа тілегі бір, діні басқа жүрегі бір» атты дөңгелек үстелі 8 – 10 сыныптар арасында өткізді. 1 – 6 сыныптар арасында онкүндікте «Ұлттар достығы – тыныштық белгісі» ашық тәрбие сағаттары жүрді. «Қазақстанға өзге ұлт өкілдерінің көшірілуі» атты танымдық сағаттары 7 – 10 сыныптар арасында өтті.

Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбиелеу бағыты

Өскелең ұрпақты ресурстарды ұқыпты пайдалануға, мүмкіндігінше суды, электр энергиясын, жылу энергиясын үнемдеуге және қоршаған ортаны ластамауға шақыру мақсатында мектепшілік «Экосағат» ұйымдастырылды. Апталық аясында 1-4 сыныптар арасында «Табигат - Ана» және 5-6 сыныптарда «Экологиялық тәрбие» атты өнеге сағаттары өткізілді. 7-8 сыныптарда «Қазақстан және экология» бейне көрсетілімдер байқауы өткізілді.

Мектепшілік сенбіліктер өткізіліп тұрады.

Елімізде бірқатар шектеулерді қарастыратын төтенше жағдай енгізілуіне байланысты, инфекцияның таралуына жол бермеу шараларын жүргізу кезіңінде жұмыскерлердің денсаулығы бірінші орында. Мектебіміздің операторы Р.Сермагамбетова шеберлігін танытып барлық қызметкерлерге маскалар тігіп берді.

Нәтижесі: аудандық білім бөлімінің ұйымдастыруымен "Онлайн-каникул" жобасындағы "Қағаз әлеміндегі өнер" байқау-көрмесіне 5 класс оқушысы Ажарғалиева Мадина белсене қатысып, "Жүзім" жұмысының жасалу жолын аралас техника арқылы көрсетіп, үздік нәтиже көрсетті.

Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиелеу бағыты

Мектебімізде "Мемлекеттік тілді латын әліпбиіне көшіру" атты дөңгелек үстел болды. Өткізген: мектеп тәлімгері Денгелбаева А.У. және "2019 jyl-Jastar july" тақырыбында латын қарпіне негізделген жалшықазақстандық ашық диктант өткізілді.

Мектепте «Мен OFFLINE» іс-шараға жоспар құрылып сол бойынша жұмыстар жүргізілді. Аптаның алғашқы күнінде тәрбие ісі меңгерушісі А.Е.Акниязова акцияның мақсатын түсіндіріп, оқушыларды іс-шаралар жоспарымен таныстырды. Бастауыш сынып оқушылары сынып жетекшілерімен бірігіп «Мен интернетсіз күнді қалай өткіздім?» тақырыбына сурет байқауын ұйымдастырды. 5-7 сынып оқушыларының арасында «Мен OFFLINE» атты эссе байқауының мақсаты - өмірге деген бейімділік қарым-қатынасын қалыптастыру, оқушыларды өз өмірінің мәнін түсіне білуге, рухани өсуге, жақсы мен жаманның аражігін ажырата білуге үйрету. ДТДЖО Акниязова А.Е. 8-10 сынып оқушыларымен «Ғаламторсыз бір күн мүмкін және қызықты» тақырыбына пікірталас өткізді. Сондай-ақ сынып жетекшілер «Пайдалы және қауіпсіз интернет», тәрбие сағаттарында сынып жетекшілер компьютердің пайдасы мен зияны жөнінде мысалдар келтіре отырып егжей-тегжей әңгімелеп берді.

Халықаралық "Қазақ тілі" қоғамының 30 жылдығына орай Қазақстан жазушылары А.Құнанбайұлы, Ә. Нұрпейісов, Ф.Оңғарсынова арнап танымдық тәрбие сағаттары өтілді.

Елдегі эпидемиологиялық жағдайға байланысты еліміздің барлық мектептерінде 1-11 сыныптар үшін оқытуды дистанциялық форматқа көшуіне байланысты 0-4 класс оқушыларына сағат 10:00, 5-10 класс оқушыларына сағат 12:00де сынып сағаттары қашықтықтан Whatsarr желісі арқылы ұйымдастырылды.

Нәтижесі:

- мектебіміздің 9- класс оқушысы Асылбекова Ақнұр аудандық "Әбіш оқулары " байқауында мәнерлеп оқу бағыты бойынша I орын иеленіп, облысқа жолдама алды.

- А.С.Есениннің 125 жылдығына орай «С.А.Есенин шығармашылығы бойынша үздік сабақ» атты облыстық сырттай конкурсында өзінің шығармашылығын көрсете білгені үшін Муздакова Армангуль Жарасқановна марапатталды.

- Аудандық «Тәуелсіздік төрінде» мәнерлеп оқу байқауынан алғыс хатқа мектепалды даярлық тобының білім алушысы Арынғазы Аяулым ие болды.

- I ші республикалық "Үш Бәйтерек" қашықтықтан байқауында өзінің шығармашылық қабілеті мен көркемсөз оқу шеберлігінің жоғары деңгейде екенін көрсетіп II орынға ие болған 2 класс оқушысы Ажарғалиев Адилетке.

Көпмәдениетті және көркем –эстетикалық тәрбиелеу бағыты

11 қазан - Халықаралық қыздар күні қарсаңында мектепшілік онкүндік өткізілді. Өткізілген іс-шаралардың мақсаты: қыз балаларымыздың қоғамдағы белсенді орнын анықтай отырып, құқықтарының бұзылуына жол бермеу және алдын алу.

Іс-шара барысында қыздармен дөңгелек үстел, дәріс, сауалнама өткізілді. «Қыз болашағы – ел болашағы» атты тақырыпта барлық сыныптарда тәрбие сағаттары өткізілді. Мектеп медбикесі Жампинова Г.А. 6-8-10 сынып қыздарына жеке бас гигиенасы туралы дәріс оқып, олардың сұрақтарына жауап берді. 5-7 сынып қыздарымен «Қыз – өмірдің гүлі» тақырыбында дөңгелек үстел өтті.

6-9класс қыздар арасында «Бес тас» ойынан мектепшілік жарыс ұйымдастырды.

Мектеп психологы 5-10 сынып қыз балаларының арасында «Құқығын бұзыла ма?» атты сауалнама өткізді. Жүргізілген сауалнама қорытындысы бойынша мектеп қыздарының құқығын бұзатын, оларды төмендету іс-әрекеттері байқалмады, әрі анықталған жоқ.

Хромтау қаласының 85 жылдығына орай мектепшілік 5-10 сыныптар арасында ұйымдастырылған "Көңілді тапқырлар алаңы" сайысы оқушыларға мерекелік көңіл –күй сыйлап, тапқырлық, ұшқыр қиял арқылы әзіл әлемінде қалықтауға бейімдеу, бір-бірімен еркін араласуға, достық қарым-қатынастарын жетілдіру арқылы сахна мәдениетін меңгерту.

«Балалар еңбегіне қарсы 12 күн» және 1 маусым –Халықаралық балаларды қорғау күніне арналған іс-шаралар жоспары құрылып, жүзеге асты. «Мен бақытты боламын» суреттер көрмесі ұйымдастырылды.

Нәтижесі:

- Қашықтықтан өткен «Мен жануарларды жақсы көрем», «Жасыл планета» атты сурет байқауында Мақтау қағазына ие болған 1 класс оқушысы Қыдыралы Балжан.

- 9 класс оқушысы Асылбекова Ақнұр Респуб. Әбіш оқуларының аудандық кезеңінде мәнерлеп оқу сайысына қатысып, I орынды, «Ұлы халықтың ұлы Абайы» атты аудандық байқауға қатысып «Үздік орындаушы» номинациясын иеленді.

Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты тәрбиелеу бағыты

Дүниежүзілік денсаулық күніне орай, салауатты өмір салтын сақтау мақсатында мектепшілік "Спорттық эстафета" іс-шарасы 07.09 күні ұйымдастырылды. Спорттық іс-шараға оқушылар, мұғалімдер, мектептің кіші қызметкерлер де қатысты. Жалпы сергіту жаттығулары жасалып, 2-4класс оқушылары аралығында 500м, 5-7класс оқушылары аралығында 1000м, 8-10класс және мұғалімдер мен кіші қызметкерлер арасында 1500м қашықтыққа жүгіруден жарыс өтті. Жұлделі орын иегелері марапатталады.

"Халықаралық құтырмамен күрес" күніне орай мектепте оқушыларға мектеп медбикесі Сатаева Багдагуль түсіндірме жұмыстары жүргізді.

Аққұдық орта мектебінде Ақтөбе облысы білім басқармасы 04.04.2019ж 2-1849 хаты негізінде Дүниежүзілік денсаулық күнін атап өтуге байланысты таңғы жаттығу ұйымдастырылды.

Азаматтың дені сау болуы салауатты өмір сүруді қалыптастырумен тікелей байланысты, яғни салауатты өмір салтын қалыптастыру – денсаулық кепілі. Осыған орай қысқы демалыс кезінде мұғалімдер, оқушылар арасында қысқы спорт түрлерінен жарыс өткізілді. Бастауыш сынып оқушылар арасында «Көңілді қыс» атты сайыс өтті.

Нәтижесі:

Аудандық тоғызқұмалақ сайысында белсенділік танытып қатысқан оқушылары Аманғос Гулайым 8класс, Оразғали Нұрым 7класс жеңіске деген жігері үшін мадақтамалармен марапатталды. 9 класс оқушысы Асылбекова Ақнұр ауданымыздағы дарынды оқушыларды марапаттау рәсіміне қатысып алғыс хатқа ие болды.

Аудан оқушылары арасындағы «Ұлттық мектеп лигасы», «Бес тас» жарысының аудандық кезеңінде командалық есепте жұлделі I орынға ие болған 5-6 кластар.

Қазақ күресінен КСРО спорт шебері С.Умаровтың 75-жас мерей тойына арналған облыстық жас өспірімдер арасында жұлделі III орын Мурзаев Нурдос.

Мінез-құлық мәдениетіне, оның ішінде интернет кеңістігіндегі киберқауіпсіздік мәдениетіне тәрбиелеу бағыты

Мақсаты: оқушының қоғамдық ортада өзін ұстай білу, қоғамда сыйлы болуы және бағалануы, мектептегі зорлық-зомбылықтың алдын-алу, балалардың жарақат алуының алдын алу жұмыстарын ұйымдастыру. Бұл бағыт биылғы жылы жаңадан қосылды. Сынып жетекшілер отырысында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 30 маусымдағы № 407 қаулысымен бекітілген киберқауіпсіздік тұжырымдамасымен сынып жетекшілер таныстырылды.

Соған орай қыркүйек айында сыныптарда «Қауіпсіз интернет», «Ғаламтордың шырғалаң әлемінде» секілді тақырыптарда оқушыларға сынып сағаттары өткізілді. Мақсаты оқушыларға интернетті дұрыс пайдалану жолдары, зияны және пайдасы туралы түсінік беру, интернет желісіндегі әртүрлі блоктармен таныстыру. Мектеп психологі 9-10 сынып оқушыларына интернеттің адамға тигізетін әсерінен пайда болатын мінездегі ауытқушылыққа байланысты «Мінез-көңіл күйдің айнасы» тақырыбында тренинг ұйымдастырды.

Қараша айында 7-8 сыныбында «Интернеттің, ұялы телефонның пайдасы мен зияны» туралы ашық тәрбие сағаты өткізілді.

Қорытынды:

Тәрбие бағыты бойынша жоспарға сай шаралар жоғары деңгейде өткізіліп, оқушылар бойында құндылықтар мен жалпыадамзаттық қасиеттер қалыптасты.

Ұсыныс:

- Рухани-адамгершілік тәрбие бағытына көңіл бөлу;
- Құқықтық тәрбиені үнемі назарда ұстау;
- Сынып жетекшілерді семинарларға белсене қатысуын қадағалау;
- Өзін – өзі басқару ұйымының жұмысын жандандыру.

2020-2021 оқу жылы. Тәрбие жұмысының жүйесі келесі нормативтік-құқықтық құжаттармен реттеледі:

1. ҚР Президентінің 2016 жылғы 1 наурыздағы № 205 бұйрығымен бекітілген, Қазақстан Республикасы білім беруді және ғылымды дамытудың 2016- 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі № 145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері;

3. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі № 145 бұйрығымен бекітілген, 2019-2024 жылдарға арналған «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында тәрбиенің Тұжырымдамалық негіздерін іске асырудың іс-шаралар жоспары;

4. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 1 қазандағы № 525 бұйрығымен бекітілген, Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың Тұжырымдамалық негіздері;

5. Қазақстан Республикасының Конституциясы (1995 жылғы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды) (10.03.2017 ж. берілген өзгерістер мен және толықтырулармен);

6.«Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» №518-ІҮ2011 жылғы 26 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Кодексі (02.07.2018 ж. берілген өзгерістермен және толықтырулармен);

7. «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-ІІІ Қазақстан Республикасының Заңы (04.07.2018 ж. өзгерістермен және толықтырулармен);

8. «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» № 345-ІІ Қазақстан Республикасының Заңы (24.05.2018 ж. өзгерістермен және толықтырулармен);

9. Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 11 қазандағы «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» 2002 жылғы 8 тамыздағы № 483-ІҮ Заңы (22.12.2016 ж. өзгертулермен және толықтырулармен);

10. Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 26 желтоқсандағы № 986 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы.

Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтылықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие

Қазақстан Республикасының Конституция күніне орай мектебіміздің оқушылары мен мұғалімдерінің ізгі тілектерін жолдау мақсатында "Мәңгілік ел - мәңгілік тарих" мерекелік челлендж өткізілді. "Бояулар сыр шертеді" атты сурет көрмесі ұйымдастырылды. Білім күніне арналған "ҚР Конституциясына 25 жыл", "Абай -дана, Абай-дара", "Әлемнің екінші ұстазы- Әл-Фараби", "Біз денсаулықты таңдаймыз!" тақырыптар аясында сынып сағаттары өтті. Сабақ барысында арақашықтық сақталып, оқушылар тақырыпқа қатысты ой қозғап, сұрақтарға жауап берді.

«ҚР-ның тұңғыш Президенті» күнін мерекелеуге арналған онкүндік жоспар құрылды. Барысында тақырыптық сынып сағаттар, «Еліне сүйікті Елбасы!» тақырыбында мектеп кітапханасында көрме, «Елі сүйген, елін сүйген Елбасы» тақырыбында жас ақындар байқауы, тарихи-танымдық кеш тарих пәнінің мұғалімдерінің ұйымдастыруымен, «Ұлы дала ұланымыз» патриоттық әндер байқауына 1-6 класс оқушылары белсене қатысты.

Патриоттық тәрбие беру мақсатында Тәуелсіздік күніне орай сурет байқауы, кітап көрмесі, «Тұғыры биік Тәуелсіздік» атты қабырға газеттері, тарихи-интеллектуалды кештер, «Менің тәуелсіз Қазақстаным» атты танымдық сағаттары ұйымдастырылды. Атаулы мерекеге тұспа-тұс келген «Жас Ұлан» және «Жас қыран» қатарына қабылдау салтанатты жиын аталып өтілді.

Мақсаты: оқушыларға тәуелсіздіктің қалай келгенін түсіндіру. Отансүйгіштікке, туған елді құрметтеуге тәрбиелеу. ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай "Тәуелсіздік - елімнің ерлік жолы" тақырыбында 8-9 класс оқушылары арасында дөңгелек үстел және "Елім менің - Тәуелсіз Қазақстан" атты кітап көрмесі ұйымдастырылды. Оқушылар іс-шара барысында қазақ елінің Тәуелсіздік алған 30 жылдағы ең басты деген 30 оқиғаны саралап көрді.

Еліміздегі келеңсіз құбылыстармен күрес жүргізу тек сот, құқық қорғау немесе мемлекеттік органдардың міндеті емес, барлық ұлтжанды азаматтардың парызы екенін түсіндіру мақсатында «Сыбайлас, жемқорлықпен күрес – ортақ парызымыз» атты дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Шара барысында оқушылар сыбайлас жемқорлыққа қатысты сұрақтар қойып, ұстаздар тарапынан нақты жауап алды.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасының 4 жылдығына орай іс шаралар апталығы құрылған болатын. Апталық барысында «Өлке құндылығы ұрпаққа мұра» атты мұражайға саяхат ұйымдастырылды. «Ұрпақ тәрбиесі – ұлт тәрбиесі» тақырыбында танымдық сабақтар өтілді. «Қазақстанның болашағы жастардың қолында» тақырыбында зияткерлік сайыс болып өтті. Қорытынды ретінде «Ұлы дала өнері» атты мектеп дәлізінде шығармашылық көрме ұйымдастырылды.

ҚР ұлттарының бірлік күні мерекесін өткізуге арналған іс-шаралар жоспары құрылды. «Бір ел-бір тағдыр» тақырыбында қабырға газеттері ілінді. «Ынтымағы жарасқан көп ұлтты Қазақстан» атты ашық тәрбие сағаттары, және т.б дөңгелек үстелдер мен тренингтер, челленджер ұйымдастырылды.

Отанға деген патриоттық сезімдерін дамыту мақсатында Отан қорғаушылармен Ұлы жеңіс күні мерекелеріне арналған іс-шаралар жоспары құрылды. Онкүндік барысында тәрбие сағаттары, онлайн патриоттық ән байқаулары, әскери-патриоттық сайыстар, эссе, сурет байқаулары өткізілді.

Соңғы қоңырау мерекесі аясында мектебімізде "Құлақтан үнін кетпестей. Сыңғырла, соңғы қоңырау!" атты мерекелік жиын өтті. Жиын барысында барлық санитарлық талаптар сақталды. Түлектер жүрек жарды тілектерін айтып, алтын ұя мектебімен қимай қоштасты.

Нәтижесі:

"MANGILIK EL JASTARY" қоғамдық қорының ұйымдастыруымен "Адамзат сақшылары" атты бастауыш сынып оқушыларына арналған V республикалық онлайн байқауға қатысып, "Көркем жазу" аталымы бойынша I орынға ие болған 3 класс оқушысы Ажарғалиев Адилет. Жетекшісі Сейтжанова З.К

Рухани-адамгершілік тәрбие

Мақсаты: Рухани-адамгершілік құндылықтар жүйесін қалыптастыру; Кәсіптік және адамгершілік әдептерге байланысты білімдерді оқу, өндірістік және қоғамдық іс әрекеттерде іске асыру.

Білім алышыларға рухани-адамгершілік тәрбие беру мақсатында қазан айында «Рухани келісім – халық бірлігіне бастар жол» танымдық сағат өтті. «Толеранттық деген не?» әңгіме сағат

5-6 сынып Қазақстан Республикасы жүзден астам ұлттың басын бір ту астына біріктіріп, ауызбіршіліктің, ұлтаралық татулықтың озық үлгісін көрсетіп отыр.

Алғыс айту күні мерекесін өткізуге арналған іс-шаралар жоспары құрылып, алғыс айту күніне орай құттықтау және алғыс хат жолдаулар ұйымдастырылды. «Сіз кімге алғыс айтар едіңіз?» тақырыбында тұрғындар арасында сауалнама акциясы, бейнероликтер челленджі, тақырыптық сынып сағаттары, шығармалар байқауы ұйымдастырылды.

6 сынып оқушыларының қатысуымен "Әлем таныған ұлы Абайға 175 жыл" атты сыныптан тыс шара ұйымдастырылды. Абай атамыздың өлеңдерінен, қара сөздерінен үзінділер оқылды, сонымен қатар, кітапханада тақырып бойынша кітап көрмесі орын алды.

"Рухани жаңғыру" бағдарламалық мақаласының 4 жылдығына орай 3-5 сынып оқушыларына "Өлке құндылығы ұрпаққа мұра" атты мұражайға саяхат ұйымдастырылды. Ұйымдастырушы музей жетекшісі: Иманкулова М.Е. тарих пәнінің мұғалімі.

Отбасылық тәрбие

Мектебімізде "Жаңа оқу жылында балаларды оқыту туралы" тақырыбында жалпы республикалық ата-аналар жиналысы өтті. Ата-аналар жиналысының мақсаты: коронавирустық инфекцияның таралуына жол бермеуге байланысты карантиндік таралуына жол бермеуге байланысты карантиндік шаралар жағдайында жаңа 2020-2021 оқу жылындағы оқытудың ерекшеліктері туралы ата-аналарды хабарлар ету. Әр сыныптың класс жетекшілері өз сыныбының ата-аналарымен жиналыс өткізді.

Отбасы күніне орай «Отбасы ізгілік бастауы» тақырыбында апталық іс –шаралар жоспары құрылды. Апталық барысында отбасылық құндылықтар мен дәстүрлер туралы тәрбие сағаттары мен дәрістер өткізілді. Оқушылар арасында отбасы туралы үздік шығарма мен сурет байқауы ұйымдастырылды. Әлеуметтік желілерде «менің отбасым», «моя семья» челленджерімен үздік бейнебаян байқауы жүрді.

«Балаларды қорғау» күніне арналған «Бақытты ел –бақытты бала» атты тақырыпта мерекелік концерт ұйымдастырылды. Оқушылардың асфальтқа түрлі түсті бояумен, бормен салған суреттерін видеоролик арқылы әлеуметтік желіге орналастырдық.

Мектеп педагогикалық ұжымы жағдайы төмен, аз қамтылған және көп балалы жанұяларда тәрбиеленетін балалармен үнемі жұмыс атқарып келеді. Оларды жылдың басында кітаппен, оқу құралдарымен, киіммен қамтамасыз ету мақсатында «Қамқорлық» акциясы өткізілді.

Мектепшілік есепке алынған балаларды жалпыға бірдей оқыту қорынан және демеушілер 2020-2021 оқу жылында 5 балаға көмек көрсетілді.

Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі

"Жаңа оқу жылында мен қалай оқимын?" тақырыбында сынып сағаттары өтті. Мақсаты: коронавирустық инфекцияның таралуына жол бермеуге байланысты карантиндік шаралар жағдайында жаңа 2020-2021 оқу жылындағы оқу ерекшеліктері туралы оқушыларды ақпараттандыру.

"Жолда жүру ережесі" онкүндігі аясында I класс оқушылары арасына жолда жүру ережелерін сақтауды үйрету мақсатында мектеп инспекторы Жұмабаев А.Т "Жолда жүру ережесін сақтайық" атты ақпараттық-түсіндіру жұмысын жүргізді. Шараның мақсаты балаларды жолдағы қауіпсіздікті сақтауға, жол ережелері мен жол белгілерін танып білуге үйрету.

«Мен OFFLINE» республикалық акциясы аясында бастауыш сыныптар арасында суреттер байқауы, 5-6 класс арасында эссе байқауы, 7-9 класарда пікірталас, «Жас Ұлан» ұйымының мүшелерінің ұйымдастыруымен мектепшілік «Біз бақытты баламыз» атты флешмоб, спорттық жарыстар, тәрбие сағаттары ұйымдастырылған болатын. Барлық сыныптар белсене атсалысты.

Мектеп табалдырығын аттаған білім алушыларды кітап әлемімен таныстыру мақсатында "Артық ғылым кітапта, ерінбей оқып көруге" атты аудандық білім бөлімінің жоспарына сай 20.10.2020ж күні мектебіміздің I сынып оқушыларына "Кітапханаға саяхат" атты іс-шарасы мектеп кітапханашысы А.Ж.Кунжарикова ұйымдастыруымен өтті.

"Оқуға құштар мектеп" жобасы аясында Мұқағали Мақатаевтың 90 жылдығына орай мектепшілік онкүндік жоспары құрылды. Осы жоспарға сәйкес мектеп ұстаздарымен "Мұқағали - мәңгілік ғұмыр" атты әдеби кеш өткізілді. Кештің мақсаты: ақынның ақын, артына айрықша өшпейтін із қалдырған Мұқағали Мақатаевтың өмірі мен шығармашылығына шолу жасау. М.Мақатаевтың

өлеңдері мен әндері арқылы әсемдікті, елжандылықты дәріптей отырып, поэзия әлемінің сырын ашу. Кеш барысында ұстаздар арасында ақынның өлеңдері оқылып, әсем әндері шырқалды.

Аудандық «Ұшқыр ой аланы» дебат клубының жобасы аясында мектебімізде Нұрлы -көш, Майтөбе, Көктау орта мектептері арасында пікірсайыстан жолдастық кездесу ұйымдастырылды. Резолюциялар:

●Б.П. XXI ғасырдың бағаланбай қалған мамандығын көрсетеді.

●Б.П. Мектеп бізді әлемде жоқ өмірге даярлайды деп есептейді

●Б.П. CLIL бағдарламасы ҚР- дағы оқушылардың білім сапасын арттырады деп есептейді
Барлығы жоғары деңгейде өтті. Дебат жетекшісі: Иманкулова Мира Есенғалиевна.

Нәтижесі:

"Жаңа ғасыр таланттары" интеллектуалды-олимпиада, шығармашылық орталығының ұйымдастыруымен "Әлем таныған Абай!" атты республикалық байқауда КӨРКЕМӨНЕР жанры бойынша I орынға ие болған Сабиржанова Нурия 7 класс оқушысы, ЭССЕ жанры бойынша II орынға ие болған Жампинова Жаннұр 7 класс оқушысы. Жетекшісі: Муздакова А.Ж.

Тәуелсіздіктің 30 жылдығына арналған «Қазақстан болашағы – жастардың қолында» атты пікірсайыс турнирінде белсене қатысып, «Мақсатшыл ойшылдар» номинациясына мектебіміздің «Зияткерлер» фракциясы ие болды.

«Дебаттық креатив» облыстық білім басқармасының ұйымдастыруымен өткен «Болашағымыз бірлікте» атты Ақтөбе мектеп лигасының жас буындарына арналған облыстық онлайн турнирінде жүзден жүйрік шыққаны үшін СЕРТИФИКАТ пен 9 сынып қыз балалары марапатталды.

Ұлттық тәрбие

«Тіл-асыл қазына» атты тілдер онкүндігі өткізілді. Алғашқы күні «Тілім менің – ғасырлардан аманат» деген атпен гуманитарлық пәндер әдістемелік бірлестігінің ұйымдастыруымен апталықтың ашылу салтанатты жиынын өткізді. Қаламы жүйрік дарынды балалар арасында «Тіл – халық мұрасы» атты өзекті тақырыптарда диктант байқауы ұйымдастырылды. «Тіл – достықтың дәнекері» тақырыбында барлық сыныпта сынып сағаттары өткізіліп, Гуманитарлық пәндер әдістемелік бірлестігінің ұйымдастыруымен өткен осы онкүндіктің оқушылардың ұлтжандылық қасиеттерін дамытуда берері көп болды.

Халықаралық қыздар күніне арналған республикалық онкүндік бойынша жұмыстар жүргізілді. «Қыздарға әсемдік жарасады» тақырыбында тәрбие сағаттары, дәрістер, сауалнама, дөңгелек үстелдер ұйымдастырылды. Мектеп медбикесімен «Ерте жүктіліктің алдын-алу» бойынша кездесу өтті. Мектеп психологы Денгелбаева А.У «Құқығын бұзыла ма?» атты сауалнама алды.

Халықаралық әйелдер мерекесіне арналған іс-шаралар жоспары негізінде «Аяулы аналар – асыл жандар» атты тәрбие сағаттары 0-11 кластар арасында өткізілді.

«Шуақ шашқан мереке» қабырға газеттері ұйымдастырылды. Барлық класс оқушылары белсене қатысты. 1-6 класс оқушылары арасында «Көрікті көктем аруы – 2021» қыз сыны сайысы өтті.

14 наурыз-Көрісу күніне орай "Көрісу айт- ынтымақ пен берекенің бастауы" -атты бірыңғай тәрбие сағаттары ұйымдастырылды. Мақсаты: Наурыз мерекесінің маңызы мен құндылығын түсіндіру.

Ұлыстың ұлы күніне орай мерекелік онкүндігіне арналған «Наурыз шуағы» атты іс-шаралар жоспары құрылды. Жоспарға сәйкес 14 наурыз «Көрісу күніне» бірыңғай тәрбие сағаттары өтті. Бұл күні жұрт бір-бірін ұлыстың алғашқы күнімен құттықтап, қолын төсіне қойып сәлемдесіп, көрісу рәсімін жасалынады. 15 наурыз «Таза білім беру ұйымы» шарасы барысында сенбіліктер ұйымдастырылды, мектеп ауласы қардан тазартылды. 16 наурыз «Шежіре күніне» орай «Жеті атанды білесін бе?» сауалнама оқушылар арасында жүргізілді. 17 наурыз – «Тарихқа тағзым күніне» орай «Тәуелсіздік шежіресі» тақырыбында 7-9 класс арасында дебат ойыны ұйымдастырылды. 19 наурыз «Шымырлық пен шеберлік күні» ұлттық спорттық ойындарға арналған жарыстар өткізілді. 20 наурыз – «Зияткерлік күніне» орай «Атадан қалған өсиет» тақырыбында шығармалар сайысы өтті.

"Оқуға құштар мектеп" жобасы аясында Наурыз мейрамына орай қазақ халқының салт-дәстүрін дәріптеу мақсатында мектеп кітапханасында дөңгелек үстел ұйымдастырылды және Сейіт Кенжеахметұлының "Қазақ халқының салт-дәстүрлері" атты кітабының желісі бойынша "Тұсау

кесер" рәсімін оқушыларымызбен ардагер ұстазымыз Закия Қыдыралиевнаның қатысуымен қойылым көрсетілді. Ұйымдастырушы: кітапханашы Кунжарикова А.Ж.

Полимәдени және көркем-эстетикалық тәрбие

"Қазақстан балалары-күзгі интерактив" күзгі каникул кезінде балалардың демалысын, бос уақытын ұйымдастыру туралы ұсыныстарға сәйкес эстетика бағыты бойынша "Дарындар әлемі" тақырыбында мектеп оқушыларының видеоролик челленджі ұйымдастырылды.

Қазақстан халықтарының бірлігі күні. Мақсаты: ел ішіндегі түрлі ұлт пен дін өкілдерінің бір-біріне деген сый - құрметін арттырып, татулықты, бірлікті, ортақ құндылықтарды насихаттау. Осы мақсатта өткізілген іс-шаралар: "Ынтымағы жарасқан-көп ұлтты Қазақстан" тақырыбындағы танымдық сағаттары.

«Балалар және театр» жобасы аясында ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың 90 жылдығына орай М.Мақатаевтың "Аққулар ұйықтағанда" поэмасына сахналық қойылым түсірілді. "1000 кітап" жобасының айлық жоспарына сәйкес Аққудық ОМ Бердібек Соқпақбаевтың "Менің атым Қожа" повесінің үзіндісінен сахналық қойылым ұйымдастырылды. Мақсаты: оқушылардың оқу сауаттылығын қалыптастыру, тілдік қорларын молайту. Мектеп оқушыларының көркем әдебиетке қызығушылықтарын арттыру.

Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие

Өрт қауіпсіздігі бойынша апталық іс-шаралар жоспары құрылған болатын. Апталық барысында 1-6 кластарда тақырыптық сынып сағаттары, «Өрт қауіпсіздігі» ережелері бойынша нұсқаулықпен таныстыру, сурет көрмесі, ойын-викториналар өткізілген болатын. Хромтау аудандық білім, дене шынықтыру және спорт бөлімінің жоспарына сәйкес апталық аясында санитарлық талаптарды сақтай отырып АӘЖТ дайындық пәні оқытушы - ұйымдастырушысы Мақсот М.М. өрт кезіндегі сақтық шараларымен, өрт сөндіргіш құралдармен таныстырды. "Жас Ұлан" ұйымының мүшелері бастауыш сыныптар арасында ақпараттық-түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

Ұлыстың ұлы күні мейрамына орай құрылған "Наурыз шуағы" жоспарына сәйкес "Жайлау күні" оқушылар мектеп ауласын қардан тазалады.

"Біз болашаққа жауаптымыз" экологиялық апталықтың ашылу салтанаты 9-11 класс оқушыларына офлайн форматында өтті. Ұйымдастырушы жетекші биология және химия пәнінің мұғалімі Жайлыбекова С.С. Апталық барысында "Біздің аймақтың табиғатына қамқорлық" онлайн фотоконкурсы, "Біздің үйдің жануарлары" сурет көрмесі, "Біздің аймақтың әсем табиғаты" видеоконкурсы, «Жандану» калдыктардан жасалған колөнер бұйымдары көрмесі ұйымдастырылды.

Экологиялық апталықтың соңғы күні орта буын оқушылары "Мектеп ауласын қоқыстан тазалау" жұмыстарына ат салысты. Жетекші: тәлімгер Денгелбаева А.У.

Жеңіс күні қарсаңында мектебіміздің жас мамандары "Ерлікке тағзым" атты шараға қатысты. Ауыл аумағында орналасқан ҰОС батырларына арналған ескерткішке қамқорлық жасап, күтім көрсетті.

Мектебіміздің "Жас ұлан" ББЖҰ-ның белсенділері "КИЕЛІ ТАБИҒАТ" жобасы аясында "Эко Плоггинг" жаяу жүгіріп жүріп қоқыс жинау акциясына қатысты.

Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты

Жасөспірімдердің салауатты өмір салтын сақтау қажеттігі, жеке денсаулық жағдайымен ерекшелігі туралы білімдерін, денсаулықтың дене, психологиялық, әлеуметтік және рухани байлықтармен біртұтастығы және денсаулықты сақтай әдістері туралы түсініктерін қалыптастыру мақсатында «Көңілді старт» конькимен жарыс, «Спорт – денсаулық тірегі», «Темекі мен ішімдік - өмірді бұзушылар», «Денің сау болса, қандай тамаша!» тақырыптары бойынша биология пәні мұғалімімен бірлесе отырып, әңгімелер, ашық сабақтар, әртүрлі қысқы спорттық сайыстар, ұлттық спорт түрлерімен жарыстар өткізілді.

«Қазақстан балалары-күзгі интерактив» күзгі каникул кезінде балалардың демалысын, бос уақытын ұйымдастыру туралы ұсыныстарға сәйкес спорт бағыты бойынша "Біз салауатты өмір салтын сақтаймыз" тақырыбындағы 6-8 класс оқушылары арасында спорттық іс шаралар ұйымдастырылды.

«Шымырлық пен шеберлік» күніне орай, "Ұлттық ойындар - халық қазынасы" тақырыбында ұлттық спорттық ойындар күні болып аталып өтті. Асық ату, арқан тарту, қол күрес ойындарына оқушылар белсене қатысты.

"Жас сарбаз-2021" әскери патриоттық сайысына 11 класс оқушылары қатысып, өз шеберліктерін көрсете білді.

Қазақ балуаны Қажымұқан Мұңайтпасұлының 150 жылдығына орай 6-8 класс ер балалары арасында "Қол күрес" жарысы өтті. Жеңімпаздар мадақтамалармен марапатталды.

Нәтижесі: Хромтау аудандық білім, дене шынықтыру және спорт бөлімінің жұмыс жоспарына сәйкес 1 желтоқсан - ҚР Тұңғыш президент күніне орай Дөң мектеп-гимназиясының базасында мектептердің құрама командалары арасында ұлттық ойын асық атудан қыздарға "Бес асық", ұлдарға "Бес табан" ойыны өткізілді. Мектебімізден барған қыздар құрамасы Құмар Ақбота, Қыдыралы Сымбат, Мендигарина Айсауле "Бес асық" жарысынан 1 орынды иеленді. Жетекшісі Максот Мейрамбек Максотұлы.

Қорытынды:

жоспар бойынша барлық шаралар жүйелі түрде жүргізілді. Салауатты өмір салтын қалыптастыру, дене тәрбиесі бағыты бойынша оқушыларымыз аудандық, облыстық деңгейде жетістіктерге жетуде.

Ұсыныс:

- рухани – адамгершілік бағытындағы шаралар санын арттыру;
- еңбек және экологиялық тәрбие бағытында аудандық, облыстық деңгейдегі сайыстарға - қатысып, нәтижеге жету үшін осы бағыттағы жұмысты күшейту;
- полимәдени және көркем-эстетикалық тәрбие жұмысын жандандыру.

13.6. Білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктерін ескере отырып, бейінді оқыту қажетінше іске асырылды. 2019-2020 оқу жылында 10 сыныпта оқытудағы басты ерекшеліктерінің бірі білім алушының болашақ кәсіби қажеттіліктері мен болашақта таңдауы мүмкін мамандығына сәйкес стандартты және тереңдетілген деңгейлердегі оқу пәндерін таңдауға бағыттау барысында білім алушылар ата-аналармен бірлесіп өткізген отырыс шешіміне сәйкес 10 сынып қоғамдық-гуманитарлық бағытты таңдап алды. Қамқоршылық кеңес және ата-аналар комитетімен келісе отырып, стандартты және тереңдетілген деңгейдегі таңдау пәндері бойынша (дүниежүзі тарихы-құқық негіздері), стандартты деңгей (химия-биология) жүргізуге шешім қабылданды. Осы жылы 11 сыныпта білім алушылар болған жоқ. 11 сыныптағы білім алушылардың 2019-2020 оқу жылында яғни, 10 сыныпта таңдаған пәндері бойынша болашақ кәсіби қажеттіліктері мен болашақ мамандықтарына байланысты стандартты және тереңдетілген деңгейлердің оқу пәндерінің оқытылуын жалғастыру мақсатында таңдау бөлімінен «дүниежүзі тарихы-қықққ негіздері» пәндері, стандарттық деңгейдегі «химия-биология» оқыды.

13.7. 2017-2018 оқу жылы ВКК (№170/4. 19.09.2016ж.) ұсыныстарының негізінде 5 класс оқушысы Тлеуберген Бағдатқа үйден оқытуды ұйымдастыру қажеттілік туындады. ҚР БҒМ 08.11.2012ж №500 жалпы білім берудің үлгілік оқу жоспары бұйрығына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар (25.02.2014ж. №61) мүмкіндіктері шектеуклі оқушыларға арналған негізгі білім берудің типтік оқу жоспарына сәйкес оқу жүктемесі (10сағат) бөлінді. Осы оқу жылында Ж.Б.Мангалова, Г.Г.Мендигаринаға сабақ жүргізу міндеттелді. Д/з: «Резидуальная энцефалопатия последствия перенесенного менингоэнцефалита левосторонний гемипарез» 2018-2019 оқу жылы сол диагнозбен ПМПК консултациясының қорытындысы бойынша Тлеубергенов Бағдатқа 6 класты үйден оқыту ұзартылды.

13.8. ЖББ ҮОЖ сәйкес жүзеге асырылатын вариативтік компоненттің факультативтері мен таңдау курстарын іске асыру үшін:

2017-2018 оқу жылы 1 класс оқушылары үшін ҚР-ның БМЖМС «Қазақ тілінде жалпы білім беретін оқу орнының типтік жоспарына» сәйкес «Азбуковедение», «Көркем жазу»,

2 класс оқушылары үшін «Ұлттық шежіре», «Мәнерлеп оқу»

3 класс оқушылары үшін «Занимательная грамматика», «Математика әлемінде», «Қызықты грамматика», «Қоршаған әлем»

4 класс оқушылары үшін «Компьютер әлемі», «Қоршаған ортадағы таңғажайып деректер», «Қызықты математика», «Знатоки русского языка»

5 класс оқушылары үшін «Қазақ мәдениетінің даму тарихы», «Табиғатты қорғау негіздері», «Математикалық логика»

6 класс оқушылары үшін «Туған өлке», «Зелёная планета»

7 класс оқушылары үшін «Адам және экология», «Интернет ресурстары»

8 класс оқушылары үшін «Мәдени мұра», «Paskal-да программалау бастамалары», «Көне заманнан бүгінге дейін», «Развивайте дар слова»

9 класс оқушылары үшін «Құқықтық білім», «Халық қаһарманы»

10 класс оқушылары үшін «Литература и экология», «Қазіргі қазақ тілі»,

«XV-XVII ғасырлардағы Қазақстан мәдениеті», «Қазіргі туризмнің экономикасы»

11 класс оқушылар үшін «Адамзаттың жаһандық проблемалары және апаттар қауіпін азайту», «Тарихи тұлғалар», «Экология негіздері», «От теории к практике, написание сочинений-рассуждений»

2018-2019 оқу жылы 1 класс оқушылары үшін «Көркем жазу», «Сықырлы математика»

2 класс оқушылары үшін «Көркем жазу – әсемдікке баулу», «Таңғажайып деректер» курсынан өткізгеннен шыққан нәтиже оқушылар Усин Ақылбек пен Арынғазы Жаннұр Республикалық ғылыми-зерттеу жұмыстарының байқауында 1-орын алды.

3-класс оқушылары үшін "Мәнерлеп оқу", «Ұлттық шежіре», «Литературные странички»

4 класс оқушылары үшін «Көркем шығарма», «Математика әлемінде», «Занимательная грамматика», «Кітаптар әлеміне саяхат»

5-класс оқушылары үшін «Қазақ мәдениетінің даму тарихы», «Шешендік өнер», «Занимательная грамматика»

6-класс оқушылары үшін «Туған өлке», «Занимательный русский язык», «Математикалық логика негіздері» курсынан өткізгеннен шыққан нәтиже оқушылар «Ақбота», «Кенгуру-математика для всех», «Русский медвежонок-языкознания для всех» ойын-сайыстарында жеңімпаз атанған оқушылар саны-15.

7-класс оқушылары үшін «Өмірдегі математика», «Жануарлар этиологиясы»

8-класс оқушылары үшін «Кладовая слов русского языка», «Адам және денсаулық», «Мәдени мұра» курсынан өткізгеннен шыққан нәтиже оқушы Асылбекова Ақнұр облыстық «Әлем Талант Старс» фестивалінде 3-орын және Әбіш оқуларында да 3-орын алды.

9-класс оқушылары үшін «Слово и текст», «Тірі жасуша жұмбақтары»

11 - класс оқушылары үшін «Адамзаттың жаһандық проблемалары және апаттар қауіпін азайту», «Роль орфографии и пунктуации в письменной речи учащихся», «Тұғыры биік – тарихи тұлғалар», «Халық қаһармандары».

2019-2020 оқу жылы 1-сынып оқушылары үшін «Көркем жазу», «Изучаем русский язык»

2-сынып оқушылары үшін «Орамды сөз- ой көркі», «Математика әлемінде»

3-сынып оқушылары үшін «Бізді қоршаған табиғат ғажайыптары», «По страницам литературных произведений»

4-сынып оқушылары үшін «Шешендік өнер», «Занимательная грамматика»

5-сынып оқушылары үшін «Занимательный русский язык», «Елтану»

6-сынып оқушылары үшін «Әлемнің ұлы кереметтері», «Туған өлке», «Математикалық логика негіздері», «Морфология»

7-сынып оқушылары үшін «Кладовая слов русского языка», «Қазақ шежіресі»

8-сынып оқушылары үшін «Тұғыры биік-тарихи тұлғалар», «Интересная работа с текстом»

9-сынып оқушылары үшін «Абайтану», «Зайырлылық және дінтану негіздері», «Слово и текст», «Секреты орфографии»

10-сынып оқушылары үшін «Абайтану», «Алғашқы әскери дайындық», «Адамзаттың жаһандық проблемалары және апаттар қауіпін азайту», «Практикум по русскому языку», «Бизнес және біз» сияқты курстарын алуын тиімді болды. Осы тиімділігінен «Кенгуру-математика для всех», «Пони», «Развивай-ка», «Жасыл планета», «Эрудит», «Ақ бота», «Русский медвежонок», «Мың бала», «Ақберен», «Әбіш оқулары» сияқты интеллектуалды олимпиадалар, сайыстар мен конкурстар да білім алушыларымыз жақсы нәтижелерге қол жеткізді соған байланысты жоғары да аталған курстардың кейбіреуін қайталап келесі оқу жылына алынды.

2020-2021 оқу жылы 1-сынып оқушылары үшін «Көркем жазу» курсы өткізілгеннен шыққан нәтиже оқушы Орынбай Абзал «Көркем жазу» республикалық онлайн байқауында 3-орын иеленді, «Қызықты математика»

2-сынып оқушылары үшін «Шешендік өнер», «Математика әлемінде»

3-сынып оқушылары үшін «Математика әлеміне саяхат», «В гостях у сказки», «Қызықты грамматика»

4-сынып оқушылары үшін «Поэзия баспалдағы», «Загадка русского языка», «Қызықты математика»

5-сынып оқушылары үшін «Занимательный русский язык», «Қазақ мәдениетінің даму тарихы», «Экология»

6-сынып оқушылары үшін «Әлемнің ұлы кереметтері», «Туған өлке»

7-сынып оқушылары үшін «Өмірдегі математика», «Көпмүшені көбейткіштерге жіктеу»

8-сынып оқушылары үшін «Мазмұнды есептер», «Секреты русской орфографии», «Тұғыры биік-тарихи тұлғалар»

9-сынып оқушылары үшін «Абайтану», «Зайырлық және дінтану негіздері», «Көне заманнан бүгінге дейін», «Қазіргі туризмнің экономикасы»

11-сынып оқушылары үшін «Абайтану», «Современный русский язык», «18-20 ғасырдағы ұлт азаттық көтерілістер», «Литература и экология», «Слово и текст» сияқты курстарын алуын тиімді болды. Осы тиімділігінен «Кенгуру-математика для всех», «Пони», «Көркем жазу», «Жасыл планета», «Ақ бота», «Русский медвежонок», «Мың бала» сияқты интеллектуалды олимпиадалар, сайыстар мен конкурстар да оқушыларымыз жақсы нәтижелерге қол жеткізді соған байланысты жоғарыда аталған курстардың кейбіреуін қайталап келесі оқу жылына алынды.

13.9. "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" міндетті оқу курсы зерделеу барысында 2017-2021 оқу жылы аралықтарында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін мектептерінде оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хатта көрсетілген ерекшеліктердің бірі «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» мен «Жол қозғалысы ережелері» оқу курстары. Соған байланысты

«Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсының мазмұны 2-4-сыныптарда «Дүниетану» оқу курсының аясында жүзеге асырылды. 2-3-сыныптарда жылдық оқу жүктемесі 6 сағат, 4-сыныпта 10 сағат көлемінде бастауыш сынып мұғалімдері жүргізді. 5-9-сыныптарда «Дене шынықтыру» оқу курсының аясында 15 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен дене шынықтыру мұғалімінің оқытуымен іске асырылды. 10-11-сыныптарда «Алғашқы әскери дайындық» оқу курсының аясында 12 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен алғашқы әскери дайындық пәнінің оқытушы-ұйымдастырушысы жүзеге асырды. Өмір қауіпсіздігінің негіздері бойынша сабақтар міндетті болып табылады және оқу процесі кезінде жүргізілді.

13.10. "Жолда жүру ережелері" міндетті оқу курсы іске асыру барысында «Жол қозғалысы ережелері» оқу курсының мазмұны 1-4-сыныптарда әрбір сыныпта 6 сағаттан сынып сағаттары есебінен, 5-8-сыныптарда аталған оқу курсы сыныптан тыс уақыттарда сынып сағаты мен факультатив сабақтары есебінен әрбір сыныпта 10 сағат көлемінде іске асырылды.

13.11. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 17 маусымдағы №391 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілер тізімінде № 11716 болып тіркелген) білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін (бұдан әрі – біліктілік талаптары) сақтау. Біліктілік талаптарының сақталуы бойынша барлық растайтын құжаттары (жабдыққа арналған жүкқұжаттардың және/немесе бухгалтерлік есептілік деректерінен негізгі құралдардың тізбесі көшірмелері), осы Өлшемшарттардың 10, 11, 12, 13, 14, 17-қосымшаларына сәйкес толтырылған кестелер.

14. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жаңартылған мазмұны бойынша білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар бойынша:

14.1. 2017-2018, 2018-2019, 2019-2020, 2020-2021 оқу жылдарында білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғарғы көлемі 1 сыныпта 24 сағат, 2 сыныпта 25 сағат, 3 сыныпта 29 сағат, 4 сыныпта 29 сағат, 5 сыныпта 32 сағат, 6 сыныпта 33 сағат, 7 сыныпта 34 сағат, 8 сыныпта 36 сағат, 9 сыныпта 38 сағат, 10 сыныпта 39 сағат, 11 сыныпта 39 сағат оқу аптасы стандартқа сәйкес және апталық жүктеме сақталды.

14.2. Білім алушылардың инвариантты және вариативті компонентін құрайтын оқу жүктемесінің жалпы көлемінің, сондай-ақ ЖББ ҮОЖ мен белгіленген сыныптар бойынша апталық және жылдық оқу жүктемесі сәйкес болды.

14.3. 2017-2018, 2018-2019, 2019-2020 оқу жылдары шағын жинақты мектептерде білім алушылар ҚР жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хатта көрсетілгендей, шағын жинақты мектептерде білім алушылар 10-нан кем болмаған жағдайда 1-2 сыныптарда орыс тілі, ағылшын тілі, өзін-өзі тану, 3,4,6,8,11-сыныптарда орыс тілі, шет тілі, информатика, технология (ұл мен қыз), дене шынықтыру пәндер, 5,7-сыныптарда орыс тілі, шет тілі, информатика, дене шынықтыру (гендерлік қағидат), көркем өңбек (ұл мен қыз) топтарға бөлуге қойылатын талаптар сақталды.

15. Білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар:

15.1. ЖБП үлгілік оқу бағдарламалары мен МЖМБС талаптарына сәйкес тиісті білім беру деңгейінің әрбір білім беру саласы бойынша білім алушылардың дайындық деңгейі (оқытудан күтілетін нәтижелер).

1-11 сыныптарда оқу процесі жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасымен жүзеге асырылған. Әр пән бойынша ұзақ мерзімді жоспар оқу бағдарламасының құрамына енгізілген және ұзақ мерзімді жоспарда күтілетін нәтижелер оқу мақсаттары түрінде нақты көрсетілген. Күтілетін нәтижелердің (оқу мақсаттарының) тақырыптық мазмұнға сәйкес нақтылануы білім алушыларда пәндік білім мен дағдыларды нақты оқу материалы негізінде қалыптастыруға мүмкіндік туғызылған.

2017-2018 оқу жылында №5 педагогикалық кеңес қаулысымен 9-сыныптың 2 оқушысы, 11 сыныптың 8 оқушысы қорытынды аттестаттауға жіберілген. 1-2 пәннен «қанағаттанарлықсыз» баға алған оқушы болмағандықтан қайта аттестаттау өткізілмеген.

2018-2019 оқу жылында 27 сәуірдегі №4 педагогикалық кеңес қаулысымен 9-сыныптың 9 оқушысы, 11 сыныптың 4 оқушысы қорытынды аттестаттауға жіберілген. 1-2 пәннен «қанағаттанарлықсыз» баға алған оқушы болмағандықтан қайта аттестаттау өткізілмеген.

2019-2020 оқу жылында «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығына толықтырулар енгізу туралы Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 17 сәуірдегі №149 бұйрығының 50-1 тармағы негізінде 9-сыныптың білім алушылары қорытынды аттестаттауды тапсырған жоқ, аттестат оқу жылының жылдық бағалары негізінде берілді. 11 сынып болған жоқ.

2020-2021 оқу жылында қорытынды аттестаттауды ұйымдастыру кезінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Білім және ғылым министрінің м.а. 28.04.2021 №189 бұйрығы басшылыққа алынды. 27 сәуірдегі №4 педагогикалық кеңес қаулысымен 9-сыныптың 7 оқушысы, 11 сыныптың 4 оқушысы қорытынды аттестаттауға жіберілген. 1-2 пәннен «қанағаттанарлықсыз» баға алған оқушы болмағандықтан қайта аттестаттау өткізілмеген.

2017-2018, 2018-2019, 2019-2020, 2020-2021 оқу жылдарында Жалпы мемлекеттік емтихан өту барысында бұзушылық болмаған. Апелляцияға ешқандай өтініш түспеген.

Қорытынды: ЖБП үлгілік оқу бағдарламалары мен МЖМБС талаптарына сәйкес тиісті білім беру деңгейінің әрбір білім беру саласы бойынша білім алушылардың дайындық деңгейі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығымен (өзгерісі 2017ж. 06.06. №265) бекітілген «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылаудың, оларды аралық және қорытынды аттестаттау жүргізудің үлгі ережесіне сай жүргізілген.

15.2. 2017-2021 жылдар аралығында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 24 сәуірдегі №182 бұйрығымен бекітілген «Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында үй тапсырмасын ұйымдастыру және орындау жөніндегі әдістемелік ұсынымдар» талаптары сақталды. Үй тапсырмасының уақыты әр сыныпқа белгіленген уақыттан асып кеткен

жоқ. Осы орайда мұғалімдерге ескерту жасалды, өйткені, «Күнделік.кз» электронды журналында үй тапсырмасының уақытын барлығы бірдей көрсетпеген. Осы олқылықтың орнын толтыруға жұмыстану ескеріледі.

15.3. Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау формативті және жиынтық бағалау нысанында жүзеге асырылды. Бағалау нақты бөлім/ортақ тақырып бойынша білім алушылардың оқу жетістіктерін қадағалау негізінде әрбір оқу пәні бойынша оқу бағдарламасында көрсетілген оқу мақсаттары жүйесіне сәйкес жүзеге асырылды. Білім алушылардың білімнің міндетті төменгі шекті көлемі мен олардың шеберлігі мен дағдылары қамтылған оқу пәндерінің базалық деңгейін меңгеруін анықтайтын жаңартылған бағдарламамен оқитын барлық сыныптарда бөлім бойынша жиынтық бағалаулар және тоқсандық жиынтық бағалаулар жүргізілгендігін растайтын материалдар бар, жинақталған.

Тексеру кезінде бөлім, тоқсандық бойынша жиынтық бағалау алынып, тексеріліп, электронды журналға баллдары қойылған. Бағалау критерийі мен бөлім бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты ата-аналарға ақпарат ұсынуға арналған рубрикаторлармен ата-аналардың танысқандығы жөнінде қолдары қойылған. Модерация хаттамалары жинақ папкаларында жасақталған. Мұғалімдердің БЖБ, ТЖБ өткізу жоспары құрылған. Мектеп директорымен бекітілген модерация отырысының мүшелер тізімі жасалған.

2017-2018 оқу жылында 1,2,5,7-сыныптарда;

2018-2019 оқу жылында 1,2,3,5,6,7,8-сыныптар;

2019-2020 оқу жылында 1-4,5-9 –сыныптар;

2020-2021 оқу жылынан бастап 1-9 сыныптар жаңартылған бағдарламамен білім алды.

Тоқсандық және бөлім бойынша жиынтық бағалаудағы баллдарды қою критерийі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы №52 бұйрығымен бекітілген білім алушылардың білімін бағалау өлшемшарттарына сәйкес.

мұғалімдерінің жоспарлары жасалып, сол жоспар бойынша бөлім бойынша, тоқсан бойынша жиынтық бағалау жұмыстары жүргізілді.

Мектепте ағымдық бағалаудың, тоқсандық және жылдық бағалардың бар болуы «Kundelik.kz» электронды журналы арқылы зерделенді.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығының (Білім және ғылым министрінің 21.10.2020 № 453) 3-тарау 12 тармағы «Білім алушылардың оқу жетістігін бағалау формативтік және жиынтық бағалау нысандарында жүзеге асырылады», 13-тармағы «Формативтік бағалау білім алушылардың оқыту мақсатына жету мониторингін жүргізу және орындалған үй жұмысы мен педагогтің жазбаша түрдегі (дәптерге немесе күнделікке) немесе ауызша ұсынымдамаларының қорытындысын ескере отырып сараланған жұмыстарды одан әрі теңестіру үшін жүргізіледі.» делінген.

2017-2018 оқу жылында 1,2,5,7-сыныптар жаңартылған бағдарлама бойынша оқытылды.

БЖБ, ТЖБ жүргізілді, баллдары мен бағалары журналға қойылған.

2018-2019 оқу жылында 1,2,3,5,6,7,8-сыныптар жаңартылған бағдарламамен білім алды.

1-сынып бойынша БЖБ, ТЖБ баллдары мен бағалары III –IV тоқсандарға қойылған.

2,3,5,6,7,8-сыныптар бойынша барлық тоқсан бойынша БЖБ, ТЖБ қорытындылары қойылған, талапқа сай.

2019-2020 оқу жылы 1-9 сыныптар жаңартылған бағдарламамен оқыды. Барлық сыныпта БЖБ, ТЖБ уақытында қойылды. Коронавирустық инфекциясының таралуына байланысты 4 тоқсаннан бастап қашықтықтан оқытуға көшірілді және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 8 сәуірдегі №135 бұйрығына 2-қосымшасы «Қашықтықтан оқыту жағдайында жиынтық жұмыстарды жүргізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдар»-дың 2-бөлімі 20-тармағы басшылыққа алынып, тек сабақ тақырыптары мен ұсынылған оқу тапсырмалары толтырылды.

2020-2021 оқу жылында барлық сыныптар бойынша БЖБ, ТЖБ баллдары мен бағалары тексерілді.

1-сынып оқушыларының оқу жетістіктері "Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды

аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 28 тамыздағы №373 бұйрығының 14-тармағына сәйкес бағаланған жоқ.

Қорытынды: Білім алушылардың білімін бағалау өлшемшарттарына сәйкес білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауды жүзеге асыру мен қалыптастырушы және жиынтық бағалау талаптары сақталған. Тоқсандық және бөлім бойынша жиынтық бағалаудағы бағаларды қою критерийі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы №52 бұйрығымен бекітілген білім алушылардың білімін бағалау өлшемшарттарына сәйкес.

16. Оқу мерзіміне қойылатын талаптар:

16.1. Тиісті деңгейдегі жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын игеру мерзіміне қойылатын талаптарды сақтау;

Оқу жылының ұзақтығы – 34 оқу аптасы. Оқу жылындағы каникул уақытының ұзақтығы кемінде 30 күнді құрайды. Каникулдар оқу жылында үш рет – күзде, қыста, көктемде (1 сыныптың білім алушылары үшін үшінші тоқсанда ұзақтығы бір апта болатын қосымша каникул уақыты беріледі) берілген. Үлгілік және оқу жұмыс жоспарларында пәнді меңгеруге бөлінетін оқу уақыты тиісті міндетті және вариативтік оқу бағдарламаларының бастауыш сыныптарды құрылымы мен мазмұны ескерілген. 2017-2021 оқу жылында негізгі орта білім берудің мазмұны, оқу нәтижелері бағдарланып және стандарт талаптары әзірленіп, оқу пәндері оқу бағдарламаларымен құралыған. Күntізбелік-тақырыптық жоспар талапқа сай жүргізілген.

2017-2018 оқу жылында 1-сыныпта – 24 сағаттан, 2-сыныпта – 25 сағаттан, 3-сыныпта – 29 сағаттан, 4-сыныпта – 29 сағаттан, 5-сыныпта – 32 сағаттан, 6-сыныпта – 33 сағаттан, 7-сыныпта – 34 сағаттан, 8-сыныпта – 36 сағаттан, 9-сыныпта – 38 сағаттан, 10-сыныпта – 39 сағаттан, 11-сыныпта – 39 сағаттан, 5,7-сыныптарда "Білім берудің тиісті деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 13 мамырдағы №292 қаулысы (57. Негізгі орта білім беру деңгейіндегі білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі 5-сыныпта – 32 сағаттан, 6-сыныпта – 32 сағаттан, 7-сыныпта – 34 сағаттан, 8-сыныпта – 35 сағаттан, 9 (10)-сыныпта – 36 сағаттан аспауы тиіс) басшылыққа алынды.

2018-2019 оқу жылында 1,2,3-сыныптар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 25 сәуірдегі №327 бұйрығының 4-тармағы 49-тармақшасы (49. Оқу жылының ұзақтығы 1-сыныпта – 33 оқу аптасын, 2-11-сыныптарда 34 оқу аптасын құрайды. 4,9,11-сыныптарда Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 Қаулысы (36. Білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі сыныптағы және сыныптан тыс (факультативті, жеке және үйірме сабақтары) оқу жұмыстарының барлық түрлерін қоса алғанда, 1-сыныпта – 24 сағаттан, 2-сыныпта – 25 сағаттан, 3-сыныпта – 29 сағаттан, 4-сыныпта – 29 сағаттан, 5-сыныпта – 32 сағаттан, 6-сыныпта – 33 сағаттан, 7-сыныпта – 34 сағаттан, 8-сыныпта – 36 сағаттан, 9-сыныпта – 38 сағаттан, 11-сыныпта – 39 сағаттан аспауы тиіс); 5,6,7,8-сыныптарда "Білім берудің тиісті деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 13 мамырдағы № 292 қаулысы (57. Негізгі орта білім беру деңгейіндегі білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі 5-сыныпта – 32 сағаттан, 6-сыныпта – 32 сағаттан, 7-сыныпта – 34 сағаттан, 8-сыныпта – 35 сағаттан, 9 (10)-сыныпта – 36 сағаттан аспауы тиіс) басшылыққа алынды.

2019-2020 оқу жылында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығының 2-қосымшасы 3 тарау §1 40-тармағы (40. Бастауыш мектептегі білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі 29 сағаттан аспайды.) – 1-3 кластарда, §2 44-тармағы (44. Білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі сыныптағы және сыныптан тыс (дамыту сипатындағы жеке және топтық сабақтар) оқу жұмыстарының барлық түрлерін қоса алғанда, 4-сыныпта 29 сағаттан аспауы тиіс.) – 4 сыныпта, 3-қосымшасы 3 тарау §1, 54-тармағы (54. Негізгі орта білім беру деңгейіндегі білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі 5-сыныпта – 32 сағаттан, 6-сыныпта – 33 сағаттан, 7-сыныпта – 34 сағаттан, 8-сыныпта – 36 сағаттан аспауы тиіс.), 3 тарау §2, 59-тармағы (Білім алушылардың барлық сыныптағы және сыныптан тыс (факультатив, жеке және үйірме

жұмыстарының) апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі әр сыныпта аптасына 38 сағаттан аспауы тиіс.)- 9 класта, 4-қосымшасы 3 тарау §2 52-тармағы (52. Білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі сыныптағы және сыныптан тыс (факультативті, жеке және үйірме сабақтары) оқу жұмыстарының барлық түрлерін қоса алғанда, 10-11-сыныптарда – 39 сағаттан аспауы тиіс.)-10-11 кластарда талаптары сақталды.

16.2. Сыныптар бойынша оқу жылының ұзақтығына және оқу жылындағы каникул уақытының ұзақтығына қойылатын талаптарды сақтау (мерзімін сақтау);

Барлық оқу жылының басы –1 қыркүйетен басталды.;

2017-2018 оқу жылы барысында каникул күндері төмендегідей белгіленді:

1) 1-11 (12)-сыныптарда: күзгі каникул – 7 күн (2017 жылғы 30 қазан - 5 қарашаны қоса алғанда), қысқы – 10 күн (2017 жылғы 29 желтоқсан – 2018 жылғы 7 қаңтарды қоса алғанда), көктемгі – 13 күн (2018 жылғы 21 наурыз - 2 сәуірді қоса алғанда); 1-сыныптардағы қосымша каникулдар: 7 күн (2018 жылғы 5-11 ақпанды қоса алғанда).

2018-2019 оқу жылында «Орта білім беру ұйымдарында 2018-2019 оқу жылының басталуын, ұзақтығын және каникул кезеңдерін айқындау туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 5 шілдедегі № 322 бұйрығымен 2018-2019 оқу жылы барысындағы каникул күндері белгіленді:

1) 1-11(12)-сыныптарда: күзгі каникул – 7 күн (2018 жылғы 29 қазан – 4 қарашаны қоса алғанда), қысқы – 10 күн (2018 жылғы 31 желтоқсан – 2019 жылғы 9 қаңтарды қоса алғанда), көктемгі – 13 күн (2019 жылғы 21 наурыз - 2 сәуірді қоса алғанда);

2) 1-сыныпта: қосымша каникулдар: 7 күн (2019 жылғы 4 - 10 ақпанды қоса алғанда).

2019-2020 оқу жылында «Орта білім беру ұйымдарында 2019 - 2020 оқу жылының басталуын, ұзақтығын және каникул кезеңдерін айқындау туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 29 шілдедегі № 337 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы 2020 жылғы 17 наурыздағы №11 бұйрығымен 1-11(12)-сыныптарда:

1-11 (12) – сыныптарда: күзгі каникул – 7 күн (2019 жылғы 28 қазан - 3 қарашаны қоса алғанда), қысқы – 10 күн (2019 жылғы 30 желтоқсан – 2020 жылғы 8 қаңтарды қоса алғанда), көктемгі – 21 күн (2020 жылғы 16 наурыз – 5 сәуірді қоса алғанда); 1-сыныптарда: 7 күн мерзімде (2020 жылғы 3-9 ақпанды қоса алғанда) қосымша каникул белгіленді.»

2020-2021 оқу жылында каникул кезеңдері «Орта білім беру ұйымдарында 2020 – 2021 оқу жылының басталуын, ұзақтығын және каникул кезеңдерін айқындау туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 12 тамыздағы №340 бұйрығы негізінде ұйымдастырылды:

1-11 (12) – сыныптарда: күзгі каникул – 10 күн (2020 жылғы 5-14 қараша аралығында), қысқы – 11 күн (2020 жылғы 31 желтоқсан мен 2021 жылғы 10 қаңтар аралығында), көктемгі – 12 күн (2021 жылғы 20-31 наурыз аралығында); 1-сыныптарда: қосымша каникул – 7 күн (2021 жылғы 8-14 ақпан аралығында).

1-11-сыныптарда: каникул уақыты әр жылда әдістемелік нұсқау хатта көрсетілгендей мерзімде сақталған (күзгі каникул, қысқы каникул, көктемгі каникул); 1 сыныпта қосымша демалыстар талапқа сай жүрген. Класс журналдарында, электронды журналдарындағы толтырылған күндер толық сәйкес келеді. Мектепте кластар бойынша оқу жылының ұзақтығына және оқу жылындағы демалыс уақытының ұзақтығына қойылатын талаптар сақталған.

«Ақтобе облысының білім басқармасы Хромтау ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің
«Аққұдық орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
(2020-2021 оқу жылы жағдай бойынша)

БАҒАЛАУ ПАРАҒЫ

№ р/с	Бағыттар және бағалау өлшемшарттары	Баға	Өлшеуіштер (шағын жиынтықталған білім беру ұйымдары үшін)	Өзін-өзі бағалау
1	Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, білім беру мазмұнына қойылатын талаптар			
1.1	Бастауыш білім беру деңгейіндегі педагогтердің жалпы санынан лицензиат негізгі жұмыс орны болып табылатын жоғары және бірінші санаттағы педагогтердің, педагог-сарапшы, педагог-зерттеуші, педагог-шеберлердің үлесі	uzdik	жалпы білім беретін мектептер үшін 35 %-дан астам	Педагогтар саны – 4 <i>Педагог-зерттеуші-3</i> Педагогтардың біліктілік санатының үлесі 75% «uzdik» баға
		zhaqsy	30 – 34 % жалпы білім беретін мектептер үшін	
		ortasha	25 – 29 % жалпы білім беретін мектептер үшін	
1.2	Негізгі орта, жалпы орта білім беру педагогтерінің жалпы санынан лицензиат негізгі жұмыс орны болып табылатын жоғары және бірінші санаттағы педагогтердің, педагог-сарапшы, педагог-зерттеуші, педагог-шеберлердің үлесі	uzdik	жалпы білім беретін мектептер үшін 45 %-дан астам	
		zhaqsy	40 – 44 % жалпы білім беретін мектептер үшін	
		ortasha	35 – 39 % жалпы білім беретін мектептер үшін	Педагогтар саны – 14 <i>Педагог-зерттеуші-2</i> <i>Бірінші санатты-1</i> <i>Педагог-сарапшы-2</i> Педагогтардың біліктілік санатының үлесі 36% «ortasha» баға
1.3	Зияткерлік олимпиадалар мен конкурстарға қатысу нәтижелері	uzdik	Халықаралық немесе республикалық зияткерлік олимпиадалар мен конкурстар жеңімпаздарының, жүлдегерлерінің үлесі: - шағын жиынтықталған мектептер үшін 1 % жалпы білім алушылар санынан	Халықаралық, республикалық Жалпы контингент – 75 Жеңімпаздар үлесі – 19 25% «uzdik» баға
		zhaqsy	Өңірлік немесе облыстық зияткерлік олимпиадалар мен конкурстар жеңімпаздарының, жүлдегерлерінің үлесі: - жалпы білім алушылар санынан шағын жиынтықталған мектептер үшін 2 %-дан кем емес	Облыстық Жалпы контингент – 75 Жеңімпаздар үлесі – 5 7% «zhaqsy» баға
		ortasha	Қалалық немесе аудандық зияткерлік олимпиадалар мен конкурстардың жеңімпаздарының, жүлдегерлерінің үлесі: - жалпы білім алушылар санынан шағын жиынтықталған мектептер үшін 1 %-дан кем емес	Аудандық Жалпы контингент – 75 Жеңімпаздар үлесі – 8 11% «ortasha» баға
1.4	Спорттық, шығармашылық және мәдени конкурстарға, жарыстарға, фестивальдер мен байқауларға қатысу нәтижелері	uzdik	Халықаралық немесе республикалық спорттық, мәдени, шығармашылық іс-шаралардың жеңімпаздары мен жүлдегерлерінің, лауреаттары мен дипломанттарының үлесі: - жалпы білім алушылар санынан шағын жиынтықталған мектептер үшін 1 % -дан кем емес	Халықаралық, республикалық Жалпы контингент – 75 Жеңімпаздар үлесі – 5 7% «uzdik» баға
		zhaqsy	Өңірлік немесе облыстық спорттық, мәдени, шығармашылық іс-шаралардың	Облыстық Жалпы контингент – 75

		zhaqsy	Өңірлік немесе облыстық спорттық, мәдени, шығармашылық іс-шаралардың жеңімпаздары мен жүлдегерлерінің, лауреаттары мен дипломанттарының үлесі: - жалпы білім алушылар санынан шағын жиынтықталған мектептер үшін 5 %-дан кем емес	Облыстық Жалпы контингент – 75 Жеңімпаздар үлесі – 5 7% «zhaqsy» баға
		ortasha	Қалалық немесе аудандық спорттық, мәдени, шығармашылық іс-шаралардың жеңімпаздары мен жүлдегерлерінің, лауреаттары мен дипломанттарының үлесі: - жалпы білім алушылар санынан шағын жиынтықталған мектептер үшін 10 %-дан кем емес	Аудандық Жалпы контингент – 75 Жеңімпаздар үлесі – 5 7% «ortasha» баға
1.5	Интернет желісіне қосылу	uzdik	Жылдамдығы 10 Мб/с асатын Интернет	20 Мб/с «uzdik» баға
		zhaqsy	Жылдамдығы 4 Мб/с асатын Интернет	
		ortasha	Интернет. Жылдамдығы 4 Мб/с-тан кем	

Бағалау өлшемшартына сай білім беру мекемесінің қорытынды бағасы:
- «zhaqsy» - 4

2022 жылдың 26 ақпандағы өзін-өзі бағалау комиссиясы отырысының шешімі

Комиссия төрағасы:  А.М.Кунтаев

Комиссия мүшелері:  Д.К.Алипкарина

 А.Ж.Муздакова

 Д.С.Сагидуллина

 З.К.Сейтжанова

 М.Е.Иманкулова

 М.Ж.Суюнгарина